

**Шығыс Қазақстан облысы
дін мәселелерін зерттеу орталығы**



**ДІН САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
БОЙЫНША
20 СҰРАҚ-ЖАУАП**



*7-шығарылым
ДАИШ – аса қауіпті лаңкес ұйым*

**Өскемен қаласы
2016 жыл**

УДК
ББК
Д

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының» РММ Ғылыми-сараптамалық кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған: Шойкин Ғ.Н., саяси ғыл. канд.

Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап. 7-шығарылым: ДАИШ – аса қауіпті лаңкес ұйым / Құраст. А.Әбдірәсілқызы, М.Исахан, М.Муслимов, Ж.Тенлибаева, С.Мадиева, Б.Алмурзаева, Б.Жанақов, Р.Рашимбаев, Д.Жуманов, М.Сайлауова. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2016. – 54 б.

ISBN

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы тарапынан әзірленген бұл шығарылымда аса қауіпті халықаралық террористік ұйым болып табылатын «Ирак және Шам ислам мемлекетіне» («ДАИШ») қатысты 20 сауалға білікті ғылыми қызметкерлер тарапынан берілген жауаптар топтастырылған.

Жинақ дін мәселелеріне қызығушылық танытушы қалың көпшілікке арналған.

УДК
ББК

© Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2016

МАЗМҰНЫ

1. ДАИШ неліктен террористік ұйым деп танылды?	4
2. ДАИШ қандай саяси мақсатқа қол жеткізуді көздейді? Халифат құру немесе қоғамда халифат жүйесімен басқару ислам дінінің негізінде бар ма?	6
3. ДАИШ-тің идеологиясы әхл-и сүннет ақидасымен үйлесе ме?	8
4. ДАИШ содырларының әрекеттері «жиһадқа» жата ма?	12
5. Азаматтардың соғыс аймақтарына кетуі ислам шарияты бойынша «хижра» болып санала ма?	15
6. ДАИШ идеологтары қолданатын «шаһид» ұғымы ислам шариятына сәйкес келе ме?	18
7. Ислам діні – ізгілік діні саналады. Сонда ислам атын жамылған ДАИШ ұйымы дін қағидаларын қалай бұрмалап отыр?	20
8. Зерттеушілер ДАИШ террористік ұйымының қатарындағы содырлардың діни көзқарастары радикалдық сипаттағы тәкфіршілік ұстанымдарынан туындайтынын айтады. Осы тұрғыдан алғанда тәкфіршілдер қандай шетін көзқарастарды уағыздайды және нені басшылыққа алады?	23
9. ДАИШ-тың мәдени-тарихи ескерткіштерді жоюының себебі неде?	25
10. «Жыныстық жиһад» деген жиһад бар ма? Неге ДАИШ шейхтары осындай пәтуа беріп отыр?	27
11. ДАИШ-тің ғаламтордағы бейнематериалдарында оның қатарында жүргендердің өмірі керемет болып көрінеді. Ол шын мәнінде солай ма?	30
12. Әлеуметтік желілер мен ғаламтор сайттарында ДАИШ өз идеологиясын қалай насихаттауда және өз қатарларын толтыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдануда?	33
13. Азаматтардың жеке түрде және тіпті бүкіл отбасыларын алып ДАИШ жаулап алған аймақтарға кетуінің себептері неде?	36
14. Кейбір әлеуметтанушылардың пікірінше азаматтар психологиялық күйзелістен арылу үшін діни экстремистік идеяларға бой ұруда. Осы пікір қаншалықты ақиқат?	38
15. ДАИШ әрекетін «исламға жат» деп пәтуа берген мұсылман ғалымдары қандай дәлел-дәйектерге сүйенеді?	40
16. ДАИШ содырлары діни азшылықтар өкілдеріне, өз пікірімен келіспейтіндерге, қолдарына түскен әйелдер мен балаларға шектен тыс қатігездік көрсетеді, сонымен қатар адамдардың дүние-мүліктерін талан-таражға салуда. Бұл мұсылмандыққа жата ма?	43
17. ДАИШ террористік ұйымы не себептен жас балаларды лаңкестік әрекеттерге пайдаланады?	45
18. ДАИШ террористік ұйымының жазықсыз адамдарды және тіпті өз қатарларындағы жақтастарын жаппай және жария сипатта өлтірудегі мақсаты неде?	47
19. ДАИШ адамдарды «мұсылмандар» мен «кәпірлер» деп бөліп, өздерін қоғамнан оқшаулап жатады. Ислам діні адамдарды дініне қарап алалауға жол бере ме?	49
20. Көпшіліктің арасына барып өзін-өзі жарып жіберіп, жазықсыз адамдардың өліміне себеп болған ДАИШ жанкештілері жұмаққа бара ма?	52

1. ДАИШ неліктен террористік ұйым деп танылды?

2015 жылдың 15 қазанында «Ислам мемлекеті» немесе «ДАИШ» атауымен белгілі халықаралық ұйым Астана қаласының Есіл аудандық сотының шешімімен террористік деп танылды және Қазақстан аумағында оның іс-әрекетіне тыйым салынды. Сондықтан бүгін аталмыш ұйымға қолдау білдіруге әрекеттенген кез келген тұлға заң аясында жауапқа тартылады.

«ДАИШ» – жаңа замандағы жаһандық терроризмнің бейнесі ретінде «аль-Каида» және тағы басқа онға жуық экстремистік ұйымдардан құралған діни-милитаристік ұйым. Бұл ұйымның әсілі қандай мақсаттарды көздейтінін анықтау әрі іс-әрекеттеріне толымды баға беру үшін оның соғыс аймағындағы белсенділігіне назар салу қажет. «ДАИШ-тың» Таяу Шығыс халықтарына қарсы жүргізіп жатқан қантөгіс әрекеттері мен саяси-қаржылық мүдделерге негізделген мотивтері оның дін атын жамылған террористік топ екенін айғақтайды. Оның идеологиясы соттың шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған «Лашкар Тайиба», «Әл-Каида» және оның Ирактағы қанаты «Ан-нусра» секілді бірқатар террористік ұйымдардың идеологиясымен ұштасады. Яғни бұл ұйымдардың барлығы «Ас-салафи әл-жиһадия» тобына жатады. Олар – ислам әлемінен окшауланған салафилік көзқарастарды ұстанушы жамағаттар.

Қазіргі таңда БҰҰ және Еуропалық Одақ, сондай-ақ АҚШ, Сауд Арабиясы Корольдігі, Мысыр, БАӘ, Пәкістан, Иордания, Ресей және т.с.с. елдермен қатар, әлемдік және араб ақпарат құралдарының барлығы «ДАИШ-ті» террористік топқа жатқызады. Сонымен қатар 2015 жылдың 20 қарашасында өткен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 7565-отырысында мақұлданған қарарда «ДАИШ» ұйымы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке жаһандық және зор қатер төндіреді» деп айқын атап көрсетілген.

Сирияда 2011 жылы басталған азаматтық соғыс кезінен бері бұл ұйымның жүргізіп жатқан қанды-қасап қырғын салдарынан бір миллионнан астам адамның өмірі қиылып, соғыс тауқыметін шеккен төрт миллиондай халық елін, жерін тастап, босқынға айналып кетті. Таяу Шығыс аймағындағы «ДАИШ-тің» жаулап алу әрекеттері нәтижесінде террористік ұйымның ықпалына түскен елді-мекендерде тұратын өзге дін өкілдерінің жаппай қырылуын «геноцид» деп бағалауға болады. Жергілікті халықтардың ішінде әсіресе христиандар, езидтер, күрділер, шииттер, түркімендер, друздар және т.б. діни азшылықтағы топтар қатаң қудалауға ұшырады.

Сонымен қатар, өзін «Ислам мемлекеті» деп білетін террористік ұйым дінге тікелей әрі жариялы түрде қарсы бағытталған агрессияны танытуда. «ДАИШ» исламда қасиетті саналатын Рамазан және тағы басқа айларда әсіресе жұма күндері мешіттер мен бейбіт тұрғындар тұратын ғимараттарда жарылыстар ұйымдастырған. Оған мысал ретінде 2014-2015 жылдардың аралығында Сауд Арабиясы Корольдігіндегі «Имам Али», «Имам Хусейн», «әл-Машһад», сондай-ақ Кувейттегі «Имам ас-Садық» атты мешіттерде орын алған террорлық актілерді атап өтуге болады. БҰҰ сарапшыларының Ирак

аумағында жүргізген зерделеу жұмыстары нәтижесінде әзірленген баяндамадағы ресми деректер бойынша «ДАИШ» 2014 жылдың басынан 700-ден астам кәмелетке толмаған жасөспірімдердің жанын қиған.

Бұқаралық ақпарат құралдары соңғы уақытта «ДАИШ» лаңкестерінің әлемнің түрлі аймақтарында террактілерді жүзеге асырып жатқандығын жиі көрсетуде. Өткен жылдың өзінде осы ұйымның содырлары Тунис, Франция, Кувейт, Йемен, Ауғанстан және т.б. елдердегі қанды оқиғаларды іске асырып отыр.

2014 жылдың қыркүйегінде дүниежүзінің 126 ірі ислам ғалымдары бірлесе отырып, «ДАИШ» ұйымының басшысы Абу Бакр әл-Бағдадиге (шын есімі Ибрахим Аууад әл-Бадри) ашық хат жолдады. Аталмыш хатқа қол қойған дін ғалымдарының ішінде Мысыр, Түркия, Нигерия, Болгария, Косово елдерінің мүфтилері, әр түрлі халықаралық діни ұйымдар мен қорлардың өкілдері, пәтуа бойынша мемлекеттік органдардың басшылары, университет профессорлары бар.

Бұл үндеуде ислам ғұламалары діни пәтуа шығарудың талаптарын орындамау, адам өміріне қастандық жасау, заңсыз әскери жиһадты бастау, адамдарды дінге күштеп әкелу, құлдық тапты қайта жаңғырту, әйелдер мен балалардың құқығын таптау, өз бетінше мемлекет құру секілді мәселелердің ислам шариятына қайшы екендігін түсіндіріп, ұйым өкілдерін тәубе етуге шақырған. Алайда «ДАИШ» идеологтары мен содырлары бүгінде ешбір елдің ислам ғалымдарын мойындамай, үндеудегі талаптарға бойсұнудан бас тартты.

Осыған орай Араб мемлекеттерінің лигасы, Ислам Ұнтымақтастық Ұйымы, ИСЕСКО, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің форумы, Дүниежүзілік Фикһ Академиясы, Мысырдағы «Дар-уль-Ифта» және тағы басқа халықаралық исламдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі беделге ие болған дін ғалымдары бірауыздан «ДАИШ-ті» дінге қас, тек саяси мүдделерді іске асыру үшін құрылған террористік ұйым ретінде таныған.

Терроризм – кез-келген формада және көріністе халықаралық тұрақтылық пен бейбітшілікке аса үлкен қауіп-қатер төндіретін құбылыс. Лаңкестік кез-келген әрекет сарынына, сондай-ақ қашан және кім тарапынан жүзеге асырылатынына қарамастан ауыр қылмыс болып саналады.

Сондықтан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі жоғарыда аталған отырысында ұйымға мүше елдерді «ДАИШ» террористік тобымен күресу үшін «барлық қажетті шараларды» қолдануға шақыратын қарар жобасын бірауыздан мақұлдаған. Сондай-ақ бұл құжатқа «ДАИШ-ті» қаржыландыруға қарсы бұған дейінгі қабылданған шаралар мен оған жаңадан өзге елдерді жұмылдыруға арналған ұсыныстар енген.

2. ДАИШ қандай саяси мақсатқа қол жеткізуді көздейді? Халифат құру немесе қоғамда халифат жүйесімен басқару ислам дінінің негізінде бар ма?

Алты жыл бұрын орын алған «Араб көктемі» атты дүлей боран бірнеше мұсылман мемлекетінің шаңырағын ортасына түсіріп, шат-шәлекейін шығарды. Базбір саясаттанушылар бұл дүрлігуді демократиялық дүмпуге балағанымен, кейбір елдерде «Араб көктемі» бақыт бүрін жарған жоқ, қайта қайғының қара түнегін орнатты. Мысалы, Сирия жерінде «Араб көктемі» алапат қырғынға ұласып, қасірет шежіресі әлі жалғасын тауып жатыр. «Араб көктемі» дүмпуі Сириядағы Асад династиясын құлата алмаған соң әлемдік алпауыт күштер көтерілісшілерді қолдап, Шам елінің ішкі ісіне араласпақ болды. Алайда, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінде Ресей мен Қытай мемлекеттері өзге әскери күштердің Сирия аумағына аяқ басуына қарсы тұрды. Осыдан кейін «ДАИШ» лаңкестік ұйымы тарих сахнасына шығып, Шам еліндегі билікті ауыстыру мәселесін одан сайын күрделендіре түсті.

Шынтуайтында, «ДАИШ» бір күнде пайда болған жоқ. Бұл – «Араб көктемі» және өзге де жобалар өз нәтижесін бермеген соң іске асырылған құйтұрқы нән ойынның бірі. Сарапшылардың айтуына қарағанда ДАИШ-ті ойынға қосу үшін алдын ала жан-жақты дайындық жүргізілген. Өйткені, алдын-ала ұйымдастырылмастан тоқсан елдің террористері бір уақытта Сирия мен Иракта бас қосып, үлкен көлемдегі әскери іс-қимылдарды жүзеге асыруы әсте мүмкін емес. Мұсылман мемлекеттерімен қоса ислам діні аз таралған елдерден әп-сәтте содырлардың пайда болып, Таяу Шығыста бір мезгілде бас түйістіруі осыны әйгілесе керек. Ал, сыбдырын білдірмей, үлкен ойынды ұйымдастыру үшін қараниет күштердің адамдарды арбаудың ең озық технолгогияларын пайдаланғаны анық.

Әбу Мұса әз-Заркауи тарапынан 2004 жылы Иракта «Таухид и-жиһад» деген атпен «Әл-Кайданың» бір қанаты ретінде құрылған лаңкестік топқа 2011 жылы Әбу Бәкір әл-Бағдади жетекшілік жасағаннан бастап ұйымның атауы «ДАИШ» (Әл Дәулат Әл Исламма фил Ирақ уәл Шам) болып өзгертілді. «ДАИШ» – негізінен Латакия жерінде ислам халифатын құруды көздейді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қазір лаңкестік ұйым Ирак пен Сирия үкіметінің әскери күштерімен және өздерін қоштамаған өзге де топтарға қарсы қанды қырғын соғыс жүргізуде.

Әсілі, «ДАИШ» тарих сахнасына шыққан күннен сын садағына ілінді. Содырлық топтың сойқан іс-әрекеттері Сирия мен Ирак жеріне қарақұйын пәлекет алып келді. Ұйымның әрбір ісі көпшілік қауымға қорқыныш пен үрей салды. Былтырғы жылы 126 мұсылман ғұламасы «ДАИШ»-тің іс-әрекеті ислам құндылықтарымен ұйыспайтынын айтып жаһанға жар салды. Қазір ұйымның экстремистік пиғылда, іс-қимылы террорлық сипатта екендігі әмбеге аян. Алайда, «ДАИШ» өздерінің жасап жатқан қанды қырғынын ислам дінімен байланыстыруын доғарар емес. Ең сорақысы «ДАИШ» лаңкестері қанды-қасапты «халифат» атынан жасап бағуда.

Нағында, «ДАИШ»-тің өздерін «ислам халифаты» деп жариялауы дін негіздермен мүлде сәйкеспейді. Оған қарсы бірнеше дәйекті уәж келтіріп өтер болсақ:

Біріншіден, мұсылман ғұламаларының көпшілігі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.): «Үмбетім халифатта отыз жыл өмір сүреді. Одан кейін патшалық билік пайда болады» (Сафина р.а. жеткізген) деп айтқан өсиетін негізге алып, «халифат құрамын» деген бастамаларды қостамайды. Расында да ислам тарихында Мұхаммед пайғамбардан (с.а.у.) кейін Хз. Әбубәкір, Хз. Омар, Хз. Осман, Хз. Әли дәуірінде мұсылман үмбеті отыз жыл халифат дәуірінде өмір сүрді. Одан кейінгі омаядтар мен аббасидтер және т.б. мұсылман мемлекеттері халифат шарттарын сақтай алған жоқ. Себебі, шарифат бойынша халифат құрушы көшбасшының билігі келесідегідей шарттардың негізінде ғана легитимді болып есептеледі:

- А) Құрайыш тайпасынан болу;
- Ә) Баят (көпшіліктің сенім білдіруі);
- Б) Шура (кеңесу);
- В) Әділеттілік орнату.

Жоғарыда аталған Мұхаммед пайғамбардан (с.а.у.) соң мұсылман үмбетіне көшбасшы болған Хз. Әбубәкір, Хз. Омар, Хз. Осман, Хз. Әлидің тұлғалық келбеті осы төрт шартқа лайықты болғандықтан олар халифтік билікке қол жеткізе алды. Одан кейінгі билеушілер бұл шарттарға толық сай болмағандықтан, халифат билігін орната алмады. Олай болса, ешқандай мұсылман ғұламалары кеңесінің (шура) батасын алмаған және көпшілік қауымның сеніміне ие (баят) болмақ түгілі Сирия мен Ирак жерлерін күшпен жаулап алып, мұсылмандарды қойша қырған «ДАИШ»-тің сықпыты шарифат шарттарындағы халифат ұғымымен мүлде жуыспайды деген сөз.

Екіншіден, шарифатта «дарул-муслимин» деген ұғым бар. Бұл термин – мұсылмандар өмір сүретін мемлекет деген мағынаны береді. Алғашқы кемеңгер төрт халифтан кейін өмір сүрген омая, аббаси, фатими, ғазнауи, қарақан, мәмлүк, осман, т.б. патшалықтар халифат саналмағанымен, мұсылман мемлекеттері болып есептеледі. Мұсылман мемлекеті (дарул-муслимин) деп бір жоғары саяси ұйымды тану үшін үш шарт сақталуы керек. Олар:

- А) Халықтың басым бөлігінің мұсылман болуы;
- Ә) Мемлекетті мұсылман басшының басқаруы;
- Б) Діни ритуалдардың орындалуына жағдай жасалуы.

Қазір «ДАИШ» лаңкестері біраз аумағын күшпен жаулап алған Сирия мен Ирак мемлекеттерінің халқының басым көпшілігі ислам дінін ұстанады. Мемлекет басшылары мұсылман және діни құлшылықтарды орындауға ешқандай кедергі жоқ. Яғни, Сирия мен Ирак елдері мұсылман мемлекеттерінің (дарул-муслимин) санатына жатады. Ал, шарифатта мұсылман мемлекеттеріне қарсы діни соғыс жасауға болмайды. Демек, «ДАИШ»-тің шарифат бекіткен шарттарсыз халифат құруы, мұсылмандарды қасиетті күреске үндеуі, заңсыз әскери құрылымдар құруы ислам негіздеріне

карама-қайшы келеді. Тіпті, түбірімен қате, мүлде адасқандық десек асыра айтқандық емес.

3. ДАИШ-тің идеологиясы әхл-и сүннет ақидасымен үйлесе ме?

Қазіргі кезде Таяу Шығыс аймағындағы өздерін «Ислам мемлекеті» деп жариялаған ДАИШ ұйымының (Қазақстанда террористік ұйым деп танылған) жасап жатқан іс-әрекеті бүкіл әлем назарын өзіне аударып үлгерді. Дін атын жамылған ДАИШ содырларының қаншама жазықсыз жандардың өмірін аяусыз қиып, қанішерлік әрекеттерге барып отырғаны белгілі. Исламның атын жамылған бұл ұйымның ұстанымдары мейірімділікке, ізгілік пен бауырластыққа шақырып, адамгершілік құндылықтарды насихаттайтын ислам дінінің сенімімен үйлесе ме?

Бұл содырлық топтың ислам дінімен ара-қатынасы тек сөз жүзінде ғана. Олардың іс-әрекеттері түгелдей ислам қағидаттарына қайшы келеді. Олар жалған жиһад ұранымен жазықсыз халықты қырып, қанға бөктіруде. Мұсылманды кәпір санап, әйелдер мен балаларды олжа етіп, дүние-мүліктерін талан-тараж етіп, бейбіт елдің өмірін талқандауда.

ДАИШ халықаралық террористік ұйымы 2006 жылы «әл-Каида» және басқа да он бір экстремистік ұйымдардан құралып, 2014 жылдың 29 маусымында өздерін «Ислам мемлекеті» деп жариялады. ДАИШ □ бұл діни және рухани мақсатты ұстанбайтын, тек қана пайдаға кенелуді, билікке қол жеткізуді, оңай олжа табуды көздейтін террористік ұйым. Оның әрекетінің нәтижесі □ басқыншылық, күш қолдану және адам төзгісіз қаталдық.

ДАИШ ұйымының идеологиясы «тәкфір» ұғымына негізделеді. Олардың түсінігінше иман келтіру □ кәлиманы тілмен айтып, жүрекпен бекіту және амал жасау. Мұсылман адам кәлиманы тілмен айтып, жүрекпен бекіткенімен, ислам дінінің парыздарын орындамаса, онда иманды болып саналмайды. Мұндай адамдарды олар «бидғаттарды және күнәлі істерді жасаушылар» деп атайды. Сөйтіп, оларға қарсы жиһад жасауды парыз санап, оларды өлтіруге, әйелдері мен мал-мүліктерін тартып алуға болады деген сенімді ұстанады. Олар жеке адамдармен қатар билік өкілдерін, оның ішінде саяси жетекшілерді, қарулы күштер мен құқық қорғау органдары өкілдерін де кәпірге шығарады. Мұсылман елдерінде мемлекетті зайырлы жолмен басқаратын барлық үкіметтерді «кәпір» деп айыптайды, зайырлы билікке бағынуды діни құлшылықпен заңсыз теңестіріп, кез-келген зайырлы билікті «тағұт» деп айыптап, зайырлы мемлекеттің барлық дерлік өкілдері мен оның заңға бағынатын азаматтарын «кәпір» немесе «пұтқа табынушы» деп айыптайды. Сондай-ақ, ДАИШ-тің бұл пікірін құптамаған өзге мұсылмандар, бұл ұйымға кірмеген және олардың шейхтарына мойынсұнбаған әрбір мұсылман «кәпір» саналып, оларды өлтіру өздері үшін «халал іс» болып табылады.

Ал, әхли сүннет сенімі бойынша діни амалдардың парызы екендігін мойындамаған адам діннен шығады. Аллаға иман келтіріп, амалдардың парызына шынайы сенген адамның бұл амалдарды орындамауы оны діннен шығармайды, яғни «кәпір» деп айыптауға негіз бола алмайды. Ол адам амалдардың парызын қабылдағанымен, оларды жалқаулық, немқұрайлылық немесе тағы да басқа себептермен орындамауы мүмкін. Бұл оның күнәһар болуына алып барады. Әхли сүннет сенімінде адам Алла тағаланың барлығын, Құран мен хадистерді, пайғамбарлар мен періштелерді және тағдырды ашық түрде жоққа шығарған жағдайда ғана күпірлікпен айыпталады. Ислам сенімі бойынша иман келтірген мұсылман адамды кәпір деп айыптауға болмайды. Бұл туралы Мұхаммед пайғамбар: «Кімде-кім бауырына: «Ей, кәпір!» десе, егер ол адам шынымен кәпір болмаса, онда айтқан адамның өзі кәпір болады» деп қатаң ескерткен.

Сонымен қатар ешқандай мәзһабты ұстанбайтын ДАИШ ұйымының идеологиясы исламдағы дәстүрлі төрт мәзһабтың мәнін бұрмалауға негізделеді. Олар өздерінің тек Құран мен сүннетті басшылыққа алатынын, ал Құран мен пайғамбар сүннетінде мәзһабтар туралы ештеңе айтылмайтынын, ондай түсінікке орын жоқ екенін алға тартады. Құран мен сүннетті оқығанда мағынасының анығына жетпей өз бетінше сөзбе-сөз түсінуге, ақыл-парасатты қолданбауға тырысады. Соның салдарынан ондай адамда діни мәселелерде теріс пікір қалыптасады. Жекелеген ғалымдарды ғана болмаса, ислам ғұламаларының көпшілігін мойындамайды.

Ал, әхли сүннет □ Құран мен Мұхаммед пайғамбардың сахих хадистерін ұстанып, соларға сүйенушілер, Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабаларының сенім мәселесінде ұстанған жолымен жүрушілер. Бұл туралы бір хадисте «Жұмаққа баратын топ менің және асхабымның жүрген жолымен жүргендер» деп көрсетілген.

Мәзһаб ұстану □ бөлінуге емес, керісінше бірігуге бастайтын жол. Құран мен сүннетке негізделген ханафи, малики, шафиғи және ханбали мәзһабтары мұсылмандар арасында береке-бірліктің орнауына, ішкі тұрақтылықтың сақталуына өзіндік септігін тигізген. Мәзһаб ғалымдары дін аясында қоғамның этникалық ерекшелігін, ділі мен жағдаятын, уақыт пен кеңістікке байланысты туындаған жайттарды ескере отырып, кейбір мәселелерге қатысты түрлі үкімдер шығарған. Сондықтан да мәзһаб ұстану адамзат баласын рухани біртұтастыққа жетелеуші күш болып табылады.

ДАИШ ұйымы адамдарды негізсіз айыптап, бейкүнә адамдарды өлтіріп, жаппай қыруға жол береді. ДАИШ содырларының ғаламтор бетіне жарнама ретінде салып отыратын бейнероликтері олардың асқан қатыгездігі мен қанішерлігін айқын көрсетеді. Жазықсыз жандар аяусыз атылып, асылып, бастары кесіліп, бауыздалып жатады.

Ал, ислам діні ешқашан да бүлік шығарып, жарылыс жасауды насихаттамайды. «Ислам» деген сөздің өзі «сәләм» сөзінен туындайды, ол бейбітшілік, тыныштық деген мағынаны береді. Ал, мұсылман адам болса осы бейбітшілікті өз бойына сіңіріп, іс-әрекетінде осы сипатты көрсететін адам. Исламда жазықсыз адам өлтіру үлкен қылмыс, ауыр жаза болып

саналатындығы Құранның Мәида сүресінің 32-аятында: «Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен және кім оны тірілтсе (өлімнен құтқарса), барлық адамды тірілткенмен тең» деп баяндалған. Ислам ғалымдары бұл аятты: «Яғни, жазықсыз бейкүнә адамның өмірін қиған бүтіндей адамдарды өлтіргендей ауыр күнәға батады, ал бір адамды өлім аузынан құтқарған жан күллі адамзатты құтқарғандай сауапқа кенеледі» деп түсіндірген.

Бұл тақырыпқа қатысты Құрандағы мынадай аяттарды мысал ретінде келтіруге болады:

«Шынында жаза, адамдарға зұлымдық қылып, жер жүзінде орынсыз шектен шыққандарға лайық. Міне солар үшін жан түршігерлік азап бар» (Шура, 42);

«Өлтірілуіне Алла тыйым салған кісіні нақақтан өлтірмеңдер» (Әнғам, 151);

«Бір-бірлеріңді өлтірмеңдер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді. Ал кім айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз. Бұл – Аллаға оңай» (Ниса: 29-30);

«Егер олар сендерден аулақ тұрса әрі сендермен соғыспаса, тіпті сендермен бейбіт тұруды ұсынса, онда Алла Тағала сендердің оларға шабуыл жасауларыңа ешқандай жол бермеді» (Ниса, 90).

Адам өміріне қастандық жасау, адамдарды кепілге алу және тағы басқа зорлық-зомбылық, лаңкестік әрекеттерге қатысты Құранда қатаң жаза қарастырылған. Ал егер террорлық әрекеттердің салдарынан бейкүнә жандар зардап шексе, бұл әрекеттердің жазасы күшейе түседі. Өйткені Құранда «Кім бір иманды адамды әдейілеп өлтірсе, оның жазасы жаһаннам болып, ол онда түпкілікті қалады. Әрі Алла оған ашуланып, оны лағнеттейді және ол үшін өте үлкен азап әзірлейді» (Ниса, 93) деген ескерту бар.

Ислам тарихында Мұхаммед пайғамбар өзінің қоштасу қажылығында халыққа қарап, адамның өміріне, жеке мүлкіне және ар-намысына қиямет күніне дейін қол сұғылмауы тиіс екенін айтқан: «Қиямет күнінде адамдар арасында алынатын есептің біріншісі – адам өлтіру» (Мұслимның риуаяты).

ДАИШ ұйымы дінді зорлап қабылдануға күш салады және өзге дін өкілдерімен өзара келісім орнатуды қабылдамайды.

Ислам дінінде дінді зорлықпен қабылдану деген болмайды. Әр адам иманға өз қалауымен, шын ықыласымен келуі керектігі Құранның Бақара сүресінің 256-аятында «Дінде зорлық жоқ» деп көрсетілген. Мұхаммед пайғамбар да басқа дін өкілдеріне әділетті болу керектігін ерекше ескертіп, бір хадисінде «Кімде-кім бір зымиды өлтірсе, жәннаттың иісін де татпайды» деп зұлымдық жасауға қатаң тыйым салған.

Ислам шарифатының қайнар көздері – Құран мен сүннетте өзге дін өкілдерімен қарым-қатынастың негізгі қағидаттары белгіленген. Құранда «Кітап иелері» деп аталған иудей және христиан діні өкілдерімен бейбіт қатар өмір сүрудің исламда орнықты дәстүрлері қалыптасқан.

Құранда: «Іштеріңдегі зұлымдық істегендерден басқа кітап иелерімен ең көркем түрде (ғылыми, сыпайы) талас жүргізіндер. Оларға: «Өзімізге

түсірілгенге де, сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Сендердің Құдайларың да, біздің Құдайымыз да біреу-ақ. Біз соған ғана бойсұнушылармыз», – деп айтындар» («Анкабут» сүресі, 46-аят), – делінген. Мұхаммед пайғамбар мұсылмандарға: «Сендерге кітап иелерін, яғни христиандар мен еврейлерді аманат етемін», – деп өсиет қалдырған. Екінші бір хадисте: «Кімде-кім Кітап иелерін жәбірлесе, ақыретте мен оның дұшпанымын», - деп қатаң ескерткен.

Мұсылмандар 622 жылы Меккеден Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін өзге дін өкілдерімен Мәдина келісіміне қол қойды. VII ғасырда жасалған бұл құжат исламдағы бейбітшілік пен төзімділікті, исламның адам құқығына құрметі мен диалог мәдениетін, өзге дін өкілдеріне көзқарасын, сондай-ақ сенім бостандығы мен ар-ождан еркіндігін қамтамасыз еткен қағидаттарды қамтыды.

ДАИШ ұйымы 2014 жылы өздерін шариятқа негізделген жалғыз ислам мемлекеті □ «Ислам халифаты» деп жариялап, өзінің қызметінде діни сарындарды пайдалануда. ДАИШ өз әрекетін діни тұрғыда негіздеуге тырысқанымен, олардың іс-әрекетінің ешқандай діни негіздермен үйлеспейтіні байқалып отыр.

Әхли сүннет сенімі бойынша халифалықты барлық мұсылмандармен бірлесе отырып «Шура» (арнайы кеңес) өткізбей жариялауға болмайды. Халифалықты халықтың келісімінсіз жариялау фитна (бүлік) болып табылады. Өйткені мұндай шешімнің салдарынан оған келіспеген мұсылман үмбетінің басым бөлігі жарияланған халифалықтан тыс қалып, ел ішінде бір-бірімен араздасатын бірнеше халифалықтың пайда болуына жетелейді. Елдің бірлігі мен берекесі бұзылып, туындаған бүлік қоғамды ыдырауға әкеп соғады. Құранның «Бақара» сүресіндегі 217-аятында осыған қатысты: «Бүлік шығару – адам өлтіруден де ауыр күнә» делінген. Бүгінгі ДАИШ-ке қатысты оқиғалар желісінде мұндай бүлік Мосул имамдарының бұл ұйымға бойсұнбау әрекетінен басталды. Нәтижесінде ДАИШ мүшелері олардың барлығын өлім жазасына кесті.

Құранды бұрмалап түсіндіре отырып, адамның санасына шетін көзқарастарды сіңіріп жүрген ДАИШ ұйымының әрекеттері исламдағы әхли сүннет сенімімен үйлеспейді. ДАИШ-тің жүргізіп жатқан қарулы қырғыны исламның шария қағидалары мен ұстанымдарына толығымен қайшы келеді. Сондықтан мұндай әрекеттер исламға, мұсылман қауымына және жалпы адамзатқа қарсы жүргізіліп жатқан террорлық акт ретінде бағаланады. Осыған сәйкес Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2015 жылғы 15 қазандағы шешімімен ДАИШ террорлық ұйым деп танылды.

4. ДАИШ содырларының әрекеттері «жиһадқа» жата ма?

Қазіргі таңда экстремистік және террористік ұйымдар Құрандағы «жиһад» сөзін пайдаланып, желеу ету арқылы азаматтарды Таяу Шығыста болып жатқан қақтығыстарға қатысуға, соғысқа баруға үндеуде.

Бүгінде өзін «Ислам мемлекеті» деп жариялаған ДАИШ ұйымы да өз әрекеттерін «жиһадқа» теңеп, бұған дәлел ретінде діни мәтіндерді өздерінің пайымы мен мүдделеріне сәйкес бұрмалап түсіндіру арқылы өз қарамағына діни сауатсыз адамдарды жинауда. Осындай радикалды ағымдардың үгіт-насихаттарының нәтижесінде саналары уланған сауатсыз азаматтар ата-анасын, туған жерін тастап, Алла жолында «жиһадқа» аттануда. Олардың түсінігіндегі «жиһад» □ «кәпір» деп санаған адамдарын аяусыз қыру, қатар тұрғызып ату, адам толы көлікті жарып жіберу, әйелдерді, балаларды құлдыққа салу, оларды жан түргішерлік азаптармен қинау сияқты қатігездіктен, озбырлықтан тұратын әрекеттер. Ал шын мәніндегі жиһад ұғымы өзге дін өкілдеріне, намаз оқымайтындарға қарсы соғыс дегенді білдіре ме?

Жиһад – араб тіліндегі «жуһд» түбірінен шыққан «белгілі бір мақсатқа жету үшін күш-жігерін салу, күресу» деген мағынаны білдіретін сөз. Ал шарифаттағы мағынасы – ақиқат үшін күресу, исламға шақыру, ислам дінінің туын жоғары көтеру, дінді, жанды, отанды, мал-мүлікті т.б. қорғау үшін малымен, жанымен күресу.

Жиһад дегеніміз – ең алдымен өзінді түзету. Ішкі дүниенді, жүрегінді тазарту. Болмысыңды қызғаншақтық, қанағатсыздық, сабырсыздық, жалқаулық, тәкаппарлық секілді күллі жаман қасиеттерден арылтып, олардың орнын көркем қасиеттермен безендіру. Қысқасы, жиһад – мұсылманның өз нәпсісімен үздіксіз күресі.

Мұхаммед пайғамбар бірде соғыстан шаршап-шалдығып келе жатқан сахабаларына: «Біз қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық» деген кезде, сахабалары: «Уа, Расулуллаһ, «үлкен жиһад» деген не?» деп таңдана сауал қойды. Пайғамбар: «Ол – өз нәпсіңмен күрес» деп қысқа да нұсқа жауап қайырды. Пайғамбар тағы басқа бір хадисінде: «Нағыз жиһад жасаушы кісі – өзінің нәпсісімен күресуші» деп нәпсімен күрестің маңыздылығын тағы бір рет айшықтай түскен.

Исламда жиһадтың екі түрі бар. Біріншісі – рухани жиһад, яғни нәпсімен күрес. Екіншісі – материалдық жиһад. Бұл – мұсылманның әлсізге қорған болу және жаудың зұлымдығын тоқтату мақсатында жан-тәнімен, мал-мүлкімен дінін, отанын, отбасын жаудан қорғауы. Жиһадтың бұл түрі – парыз. Оны көпшілік ғалымдар (ханафи, мәлики, шафиғи, ханбали, т.б.) екі түрге бөліп қарастырады:

1. Парыз айн (әрбір мұсылманға тікелей жүктеліп, орындауы міндетті болған істер). Егер жау елге қарсы соғыс ашқан жағдайда, мемлекет басшысы отанды қорғауға шақырса, әрбір мұсылман дінін, отанын, жанын, бостандығын қорғауы тиіс. Ол жайында Құранда: «(Әй, мүміндер!) Жеңіл жағдайда да, ауыр жағдайда да, мал-жандарыңды аямай, Алла жолында

күресіндер. (Жас бол, кәрі бол, жаяу немесе көлікті бол, жағдайларың қолайлы, қолайсыз болсын, ерікті-еріксіз болыңдар, бәрібір күресіндер) Осыларың сендер үшін хайырлы, егер білген болсандар» («Тәубә сүресі», 41-аят) делінген.

2. Парыз кифая (әрбір мұсылманға тікелей жүктелмеген, жалпылама міндеттелген істер). Мұны кейбір мұсылмандар орындаған жағдайда өзгелер бұл жауапкершіліктен құтылады. Егер ешкім орындамаса, барлық мұсылмандар кінәлі болады. Яғни дұшпанға қарсы мемлекет басшысының арнайы дайындаған әскері болса, солардың қызмет етуі арқылы басқа мұсылмандардың мойнынан соғысу міндеті түседі. Оған дәлел ретінде Құранда мынадай аят келтірілген: «Онымен қатар мүміндердің біртұтас жауға аттанулары тиісті емес. Сонда әр топтан дін ғылымын үйреніп, олар қайтып келгенде; олардың сақсынулары үшін ескертулері керек емес пе?» («Тәубе сүресі», 122-аят). Бұл аяттан барлық уақытта бірдей жиһадтың «парыз айн» бола бермейтінін аңғаруға болады.

Жиһадтың дұрыс болуы үшін мынадай шарттар болуы қажет:

- Имамның (мемлекет басшысының) болуы әрі рұқсаты болуы тиіс. Шариғатта имамның (мемлекет басшысының) рұқсатынсыз соғысқа шығуға тыйым салынған. Имамға (мемлекет басшысына) бой ұсыну міндет, тек күнә істерге бұйырмаған жағдайда. Ол жайлы Құранда: «Әй, мүміндер. Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар» («Ниса» сүресі, 59-аят) делінген. Әбу Нурайрадан жеткен хадисте пайғамбар былай дейді: «Жиһад әрбір жақсы болсын немесе жаман болсын, басшымен бірге болуы тиіс» (Әбу Дәуіт риуаяты).

- Мақсаты айқын болуы қажет. Яғни дұшпанның қастығын тоқтату, әлсіздерге қорған болу және дінін қорғау мақсатында болуы тиіс. Әйтпесе шектен шығушылық болады.

- Дұшпаннан төніп тұрған қауіп нақты әрі анық болуы тиіс.

Егер осы шарттар орындалмаса, онда бұл іс шариғаттағы жиһад шеңберіне кірмейді, керісінше бұзақылық пен қиянатшылдыққа жатады. Құранда: «Алламен және оның пайғамбарымен алысқандардың, жер бетінде бұзақылық жасағандардың жазасы – оларды өлтіру немесе дарға асу, әйтпесе, оң қолы мен сол аяғын кесу, сүргінге айдау болмақ. Бұл оларды дүниеде, масқара ететін жаза болса, Қияметте одан да зор азапқа душар етеді» («Мәида», сүресі 33-аят).

Ислам дінінде «Алла жолында жиһад ету» ұғымы кең көлемде қолданылады. Құранда жиһадқа байланысты аяттар бірнеше рет қайталанып келгенімен, тек төрт жерде ғана «соғысу» мағынасын білдіреді. Оның өзінде «жиһад» сөзі кәпірлерге қарсы қырып-жою әрекетін жасауды немесе бейбіт халықты қырғынға ұшыратуды, мал-мүлкін олжалауды білдірмейді. Керісінше, жиһад жаудың қастығын тоқтату, әлсіздерге қорған болу және дінді қорғау мақсатында жасалады. Сол себепті ислам ғалымдары жиһадты парыз еткен аятқа сәйкес жағдайда туындағанда, өзге дін өкілі болса да қару көтермеген мынадай адамдарды өлтіруден тыйған: мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдері, соғыспауға келісім шарт түзілген одақтастар, біреудің

жеріне мұсылман не өзге дін өкілі болсын амандық мақсатында кіргендер, қолында қаруы жоқ бейбіт тұрғындар және өз бетімен жүрген, ешкімге зияны жоқ бейкүнә адамдар.

Исламда қарулы соғысқа тек қорғану, шабуыл жасаған жауға қарсы соғысу мақсатында ғана рұқсат етіледі. Құранда: «Сендермен соғысқандарға қарсы сендер де Алла жолында соғысындар. Бірақ, шектен шықпаңдар. Алла Тағала шектен шыққандарды жақсы көрмейді» делінеді. Жазалау және түрлі зұлымдықтарға жол бермеу мақсатындағы соғыс тек Алланың разылығы үшін Оның рұқсат еткен жағдайларында ғана болуға тиіс. Жай кезді былай қойғанда, соғыс жағдайында да ислам озбырлық әрекеттерге жол бермейді. Айталық, соғыста әйелдерді, жас балаларды, соғысқа қатыспаған қарт кісілер мен дін адамдарын өлтіруге қатаң тыйым салынған. Өсіп тұрған ағаштар мен егін алқаптарын өртеуге, түйе, сиыр сияқты малдарды өлтіруге, әр түрлі өзге діннің ғибадатханаларын қиратуға жол бермеді. Дұшпан әскерлерінің өлі денелерін қорлауға да қатаң тыйым салған.

Пайғамбар соғысқа кетіп бара жатқан қолбасшыларына мынандай ескертулер жасады: «Алланың атымен жолға шығындар. Алла жолында күресіндер. Соғысатын адамдарыңмен араларыңда келісімдер бар болса, оны қадағалаңдар. Шектен шықпаңдар, соғыс кезінде өлтірген адамдарға «мүслә» (өлі денелерін қорлау) жасамаңдар. Балаларды, әйелдерді, қарт кісілерді, ғибадатханалардағы адамдарды өлтірмеңдер». Мұхаммед пайғамбар соғыс жүргізу тақырыбына қатысты көптеген адамгершілік қағидаттарды насихаттай отырып, мұсылмандарды соғысқан жағдайда қатыгез және қиянатшыл болмауға, шегінгендер мен жараланғандарды өлтірмеуге, қарттар мен әйелдерге, бала-шағаға зорлық танытпауға, ғимараттарды құлатпауға, ағаштарды кеспеуге, қажеттіліксіз үй шаруашылығына зардап тигізбеуге, тонаушылық жасамауға бұйырды.

Осы айтылғандарға негізделе отырып, бүгінгі таңда дін атын жамылып жалған «жиһад» жариялап, бейбіт күнде жазықсыз жандардың қанын төгіп жүрген күйретуші мақсаттағы ДАИШ ұйымының жүргізіп жатқан іс-әрекетін жиһад деп санауға болмайды деуге толық негіз бар.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жиһад туралы шығарған пәтуасында теріс пиғылды, радикалды ағымдардың арбауында жүрген жастардың Діни басқарманың, ата-ананың рұқсатынсыз өзге елге жиһадқа аттануы дұрыс емес екендігі жайлы үкім айтылған.

5. Азаматтардың соғыс аймақтарына кетуі ислам шариғаты бойынша «хижра» болып санала ма?

Қазіргі кезде көптеген азаматтардың өз елін мұсылман елі емес деп санап, ДАИШ ұйымының қатарына қосылу үшін Сирия жеріне қоныс аударып жатқаны белгілі. Бұған радикалды ағым уағызшыларының ғаламтор желісі арқылы бейнероликтер таратып, білімі таяз азаматтарды Сирия, Ирак жерлеріне «хижра жасауға» шақырып, нағыз ислам мемлекетінің, «тамаша» өмірдің сонда екенін айтып, жарнамалауы ықпал етуде. Бүгінде Құрандағы «жиһад» және «хижрет» ұғымдарын экстремистер мен террористер өз мүдделеріне бұрмалап қолданып, өздерінің әскери жақтастарының санын көбейтуге күш салып отыр. Олардың мақсаты □ ел ішінде бүлік тудыру, діндес адамдар арасында арандатушылық туғызып, бір-бірімен соғыстыру. Олар өздерінің бұл әрекеттерін ислам дініндегі хижра жасау түсінігімен теңестіреді.

Сирия жеріне «хижра» жасаушылардың қатарына «Жиһад ән-никах» немесе «жыныстық жиһад» жасау ұранымен жалған насихатқа еріп саналы түрде немесе алдану арқылы дін атын жамылған содырлар лагерлерінде, сондай-ақ олар жаулап алған территорияларда жыныстық қызмет көрсетуге аттанған мұсылман қыз-келіншектерді де жатқызуға болады. ДАИШ-тің идеологиясы бойынша «жыныстық жихад» ол – әйел адамдардың «жихад жасауға» өмірін арнаған әскерге (содырға) тұрмысқа шығып, дүниеге ұрпақ әкелу және оларды «шынайы ислам» қағидаттары бойынша тәрбиелеу болып табылады.

Алайда хижра жасау ұранын ту етіп соғыс аймақтарына аттанушылардың мұндай әрекеттерінің ислам діні сеніміндегі хижрамен ешқандай байланысы жоқ екені айқын.

Хижра – сөздікте «тоқтату, қалдыру», «қоныс аудару» деген мағынаны білдіреді. Ислам терминологиясында бұл сөз «мұсылмандардың дінге қатынасына байланысты өзгелерден қысым көріп, қорлық тартудан құтылу үшін өзге мекенге қоныс аударуы» деген ұғымды береді.

Танымал ислам ғұламаларының бірі әл-Ғиз бин Абдуссаләм хижраны екіге бөліп қарастырған:

1) Рухани хижра – адамның дінсіздіктен имандылыққа, надандық ұстанымдарды тастап, Мұхаммед пайғамбардың сүннетіне (жолына), күнә істерден бас тартып, жалғыз Жаратушыға бойсұнуға көшуі. Дін ғалымдарының пікірінше хижраның бұл түрі ең маңызды әрі оны орындау барлық мұсылмандар үшін міндет болып саналады. Хижраның осы түріне қатысты Мұхаммед пайғамбар өзінің хадисінде: «Мұсылман дегеніміз – өзге мұсылмандарға тілімен де, қолымен де зиян тигізбейтін жан, ал шынайы муһажир (хижра жасаушы) болса Алланың тыйымдарынан өзін тыйған адам» деп айтқан (әл-Бұхари).

2) Шынайы хижра – мұсылмандардың белгілі себептерге орай басқа мекендерге қоныс аударуы. Хижраның бұл түріне қатысты шариғи үкімдер

(дінбасы мен дін ғалымдарының шығаратын пәтуасы) қоныс аударылатын мекеннің ерекшеліктеріне қарай өзгермелі болып келеді.

Мұсылмандар үшін хижра жасау, яғни дінге қатынасына байланысты зорлық-зомбылықтар көріп, қорлықтардан дінін аман алып қалу үшін өзге жұртқа көшу әрекеті белгілі шарттармен ғана жүзеге асырылады. Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударуында көптеген нақты себептер болды. Ол кезде ислам дінін ұстанған алғашқы мұсылмандар өздері өмір сүріп жатқан қоғамнан көп зардап шегіп, ауыр сынға ұшырады. Діни ұстанымы үшін кейбір сахабалар түрлі жолдармен азапталып қорланса, кейбірі тіпті өлім жазасына кесілді. Өзге дінді ұстанған Мекке тұрғындары мұсылмандарға дінін еркін ұстануына, ғибадат жасауларына шектеу қойып, исламнан шығуға мәжбүрлеген. Сонымен қатар меккелік әр рудан бір өкіл адам тандалып, олардың тарапынан Мұхаммед пайғамбардың өміріне қастандық жасалмақ болды. Меккедегі мұсылмандар ұстанған діндері үшін азапталып, өмірлеріне үлкен қауіп төнген соң, олар көршілес Мәдина қаласына көшуге мәжбүр болды.

Мұсылмандар өздері өмір сүрген қоғамда дін үшін қысым көріп, ол елде исламдағы бес парыздың (иман, намаз, ораза, зекет, қажылық жасау) орындалуына тыйым салынса, сондай-ақ барлық мешіттер жауып тасталып, мұсылмандық мерекелерді тойлауға шектеу қойылса ғана басқа жерге хижра жасауы мүмкін.

Қазіргі кезде кейбір теріс пиғылды радикалды ағым уағызшылары елдің азаматтарын дінсіз елдің тұрғындары деп танытып, мұсылман үмбетін Таяу Шығыс, Сирия, Ирак немесе Ауғанстан секілді қазір соғыс жүріп жатқан аймақтарға көшуге үндеуде. Олардың мұндай бұрмаланған көзқарастарының қателігіне Мұхаммед пайғамбардың «Меккенің ашылуынан кейін хижра жоқ» деген хадисі дәлел бола алады. Бұл хадисте бір мұсылман елден басқа мұсылман еліне хижра жасауға ешбір қажеттіліктің жоқ екендігі анық айтылған.

Ислам ғұламаларының пікірінше, егер ел «дарул-харб» болса, яғни исламды қабылдамаған, сондай-ақ исламның таралуына қарсы тұрған мемлекет болса, ол жерде үнемі қысымның астында өмір сүрген мұсылмандар өзге жерге қоныс аударуы мүмкін. Алайда мұндай жағдайдың Қазақстанға қатысы жоқ. Себебі, Қазақстан исламдық жіктеу бойынша «дарул-аһд», яғни діни бірлестіктердің ұстанымы мемлекет мүддесіне қайшы келмейтін, конституциялық заңы олардың қызметіне шектеу қоймайтын мемлекет болып табылады. Яғни Қазақстанда діни сенім бостандығы толық қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында еліміздің зайырлы, демократиялық мемлекет екендігі айқын көрсетілген. Онда көптеген ұлттар мен ұлыстар, он сегіз конфессияның өкілдері өзара келісім мен мәмілегерлікте, ынтымақта өмір сүріп жатыр. Ел аумағында заңды түрде тіркелген барлық діни бірлестіктер заң аясында еркін қызмет етуде.

Елімізде мемлекет құраушы қазақ ұлтының және басқа да бірқатар ұлттардың ата діні болып табылатын ислам дінін ұстануға, ғибадаттарын

орындауға, діни мерекелерін тойлауға еркіндік берілген. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының преамбуласында ханафи бағытындағы ислам дінінің елдің рухани дамуындағы тарихи рөлі танылатыны атап көрсетілген.

Елімізде мұсылман адамның өз жаны мен дінін сауғалап, басқа елге қоныс аударуына итермелейтіндей себеп жоқ. Мемлекет тарапынан діннің насихатталуына, мұсылмандардың құлшылықтарын еркін жасауларына жағдай жасалған. Қаншама мешіттер салынып, медреселердің саны өсуде. Діни рәсімдер мен құлшылықтардың атқарылуына жағдай жасалған осындай елден «кәпір елі» деп басқа елге, «ислам жұртына» көшу □ орынсыз, шарифатқа қайшы нәрсе.

Радикалды ағым өкілдерінің өзге елге хижрет жасауының себебі ретінде олардың жаңсақ діни көзқарастарына байланысты өздерінің қоғамнан оқшаулануын көрсетуге болады. Олар дін мәселесінде шектен шығып, «бидғат», «ширк», «кәпір», «тағұт» ұғымдарын бұрмалап түсіндіргендіктен қатардағы адамдармен тіл табыса алмай, шеттей бастайды. Туған-туыстарынан, жолдастарынан, тіпті ата-анасынан беже бастайды. Қоғамнан өз орнын таба алмай, баршаны өзіне дұшпан санауға дейін барады. Бұған өзін емес, қоғамды кінәлап, осы қиыншылықтан құтылу үшін бір жол іздеп, ол жолды басқа жаққа хижрет жасау деп қабылдайды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының хижра жасау туралы 2013 жылдың 7 қарашасында берілген пәтуасында «исламның негізгі рәміздері мен рәсімдерін атқаруға рұқсат етілген мемлекеттен өзге елге көшуге ешбір қажеттілік жоқ» деп көрсетілген. Сондықтан да азаматтардың Таяу Шығыс аймағындағы соғыс алаңдарына кетуінің ислам дініндегі хижрет жасау түсінігімен ешқандай байланысы жоқ деуге болады.

6. ДАИШ идеологтары қолданатын «шаһид» ұғымы ислам шариғатына сәйкес келе ме?

ДАИШ – барша адамзатқа соғыс жариялаған лаңкестік ұйым. Ол – мұсылмандардың да қанын төгуді адал санайтын террористер тобыры. ДАИШ-тың жасап жатқан әрекеттері ислам дініне кереғар екенін мұсылман әлемінің беделді ғалымдары дәлелдеп берді. Соған қарамастан ДАИШ ислам атын жамылудан танбай, діндегі «жиһад», «шаһид» сынды ұғымдарды бұрмалап, өз мүддесіне қолдануда.

ДАИШ бойынша «шаһид» дегеніміз – ДАИШ-тың идеологиясын қолдау жолында, яғни террористік іс-әрекетті жасау жолында жан тапсырған адам. ДАИШ идеологтары «шаһид» болуға ниетті адамды «сен Алла жолында құрбан боласың, өлгеннен соң жаннаттан бірақ шығасың» деп, содырлық әрекетті Алла жолындағы қайырлы іске теңестіріп, сендіреді.

Қазіргі кезде ДАИШ содырлары «шаһидтікті» бұрмалап, оның екі түрін насихаттауда. Оның бірі қазіргі Сирия, Ирак аумағындағы ашық майдандағы ұрыста қаза табу болса, екіншісі ДАИШ-тың бақылауынан тыс, ашық соғысуға мүмкіндік жоқ аймақтарда жарылыстар ұйымдастыру, өзін-өзі жару сынды әрекеттерді жасау болып табылады.

Осыған орай «шаһид» ұғымының исламдағы шынайы мәнін ашып, айқындау мақсатында әрі оның исламдағы рөлін анықтау үшін оның тілдік, терминдік мағыналарын дұрыс түсінгеніміз жөн.

«Шаһид» сөзі – араб тіліндегі «шаһада», яғни «куәгерлік ету» етістігінен туындаған ұғым. Исламда бұл ұғым ең алдымен сот үрдісіндегі куәгерге қатысты айтылады. Арабшада «исташһада» сөзі «хабарды, айғақты растау үшін куәгерлікті талап ету» деген мағынаны береді. Ал бір нәрсеге қол жеткізу жолында «истишһад етті» деген түсінік «сол мақсатқа жету үшін өмірін жұмсады» дегенді білдіреді. Сондай-ақ «шаһид» атауы Жаратушыны ұлықтаумен дінін, Отанын, ар-намысын және отбасын қорғау жолында қайтыс болған адамға қатысты қолданылады.

Дін жолында құрбан болу, яғни жанқиярлық қасиетті соғыс – «әскери жиһад» концепциясының аясында ғана өзіне тән мағынаға ие болуы мүмкін. Ал араб тіліндегі «жуһд» түбірінен шығып, «белгілі бір мақсатқа жету үшін күш-жігерін салу, күресу» деген мағынаны білдіретін «жиһад» ұғымы «соғыс жағдайында ақиқат үшін күресу, хақ дінге шақыру (яғни Алла дінін қорғау)» немесе «ислам дінінің туын жоғары көтеру» және «дінді, жанды, Отанды, мал-мүлікті, т.б. қорғау үшін малымен жанымен күресу» деген түсініктерді береді. Аталмыш ұғымдардың барлығы исламдағы «жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю» ұғымымен біте қайнасып жатыр.

Исламда жанды пида ету шариғаттың белгілі бір бөлімінің ішінде талқыланумен ғана шектелмейді. Ислам атауының өзі «бейбітшілік, ынтымақ, Жаратушыға бойсұну» деген мағыналарды береді. Сондықтан, «дін жолында өзін пида ету» концепциясын аңғару тек қана исламды толығымен дұрыс түсіну арқылы жүзеге асады.

Шаһид дегеніміз –ар-иманын нәпсісінен жоғары қойып, дін жолында жан алысып, жан берісіп күресіп, азап шегіп, құрбан болған адам. «Ақиқат жолында қан төккен шаһидтердің қиямет-қайым күні барлық күнәлары кешіріліп, жаны жәннаттан жай табады» деген деректер исламның түп-негіздерінде (Құран мен Сүннет) бар. Ислам дінін қабылдағанына мың жылдан астам уақыт болған қазақ халқының да арғы-бергі тарихында жауларға қарсы «ғазуат» («қасиетті күрес») жасап, қаншама ата-бабаларымыз шейіт болған. Әйтсе де, ғұламалардың берген пәтуасы бойынша соғыс майданында ерлікпен қаза тапқан мұсылмандар ғана емес, бейбіт күнде ұдайы Жаратушыны еске алып, қалтқысыз құлшылық жасап, жан азығын садақтық сорабынан алған жандар да шаһид болудың сауабын ала алады.

Ал бүгінгі ДАИШ түсінігіндегі өзін-өзі өлтіру – шаһидтік емес, керісінше ауыр күнә – қылмыс. Өйткені, біздің мемлекеттік құрылымымызға қарсы болып, «жиһад» деп өзін-өзі жарып жіберіп жатқан жанкештілер ешқандай да шаһид сауабына ие бола алмайды. Себебі, мемлекетімізде діни бірлестіктердің ұстанымдары мемлекет мүддесіне қайшы келмейтін, конституциялық заңдары діни ұйымдардың қызметіне шектеу қоймайтын құрылым болып табылады. Қоғамымызда мемлекет қызметіне, адам физиологиясы мен психологиясына кері әсерін тигізбесе кез келген діни рәсімге рұқсат берілген.

Дін бойынша өзін-өзі жарып жіберу «интиһар» деп аталады. «Өз-өзіне қол салу» мен «шаһид болудың» бір-біріне еш қатысы жоқ. Керісінше, бір-біріне мүлде кәрағар ұғымдар. Дін негіздері бойынша өз-өзіне қол салу ауыр күнәлардың санатына жатады. Құранда «Бір-біріңді өлтірмеңдер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді. Ал кім осы айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз» (Ниса сүресінің 30-аяты) делінген. Мұхаммед пайғамбар: «Мүмінді лағынеттеу оны өлтіргенмен тең, кім мүмінге кәпірсің деп жала жапса, оның өлтірушісі сияқты болады. Және кім өз нәпсісін (өзін) бір нәрсемен өлтірсе, сол себепті Алла оны қиямет күні азаптайды», – деп, өз-өзіне қол салудың үлкен күнә екендігін қатаң ескерткен.

Ислам ілімі бойынша Жаратушы адамның себепсіз өз жанын қиюы былай тұрсын, он екі мүшесі мен ағзасын бұ дүниеде қалай пайдаланғандығы ақыретте міндетті түрде аманат ретінде сұралатындығы белгілі. Олай болса, аманатқа қиянат жасаудың ауыр күнә екендігін ескеру, «шаһид белбеуін» тағып, шімірікпестен өзін-өзі жарып жіберудің орны толмас зор қателік болып табылатындығын ұмытпаған жөн.

ДАИШ сияқты лаңкестік ұйымдардың сойылын соғу жолында өлімге бас тігіп, жарылғыш белбеуін тағынып, өзінің және айналасындағы бейкүнә жандардың өміріне қастандық жасаған адамды «шаһидке» теңеу – есті азаматтың үлкен қатесі деп білу қажет. Нағыз «шаһид» деп елінің көркейіп дамуы үшін еңбек ету, жерін жаудан қорғау жолында көз жұмған отандастарымызды атағанымыз абзал.

7. Ислам діні – ізгілік діні саналады. Сонда ислам атын жамылған ДАИШ ұйымы дін қағидаларын қалай бұрмалап отыр?

Әлемдік діндердің барлығы, соның ішінде әсіресе ислам діні адамзатқа ізгілікті, адамгершілікті, өзара кешірімділік пен мейірімділікті насихаттайды. Мұны исламның қасиетті қайнар көздері саналатын Құран аяттары мен хадис мәтіндерінен, дін ғалымдары мен ағартушыларының еңбектерінен айқын көруге болады. Онда Жаратушы адам баласына діни-моральдық қағидаттарды ұстанумен қатар, шариғатты – діни-құқықтық нормаларды орындау керектігі жайында жазған.

Қоғамдық қатынастардағы маңызды мәселелерде адам мүддесін қорғау – ислами құқықтық жүйенің басты мақсаты. Шариғи заңдардың барлығы жалпылай алғанда әрбір мұсылманшылықты ұстанушы адам өмірінің бес қажеттілігіне қауіпсіздік кепілдігін береді. Шариғат үкімдерінің негізгі мақсаттарына қоғам және адам үшін аса қажетті келесідей бес құндылық жатады:

- 1) Дінді қорғау;
- 2) Ақылды қорғау;
- 3) Жанды қорғау;
- 4) Мал-мүлікті қорғау;
- 5) Адал ұрпақ пен ар-намысты қорғау.

Исламды ұстанған ешбір мұсылман басқа мұсылманның жеке өміріне рұқсатсыз қол сұғып, жазықсыз жанын қиып, заңсыз дүние-мүлкін тәркілеп, дінін ауыстыруға мәжбүрлей алмайды. Сондықтан да ислам атын жамылған «ДАИШ» немесе «Ан-нусра» (Қазақстанда тыйым салынған) секілді террористік ұйымдар өзінің теріс пиғылдарын жүзеге асыру барысында қастандық әрекеттерін әділетті етіп көрсету үшін алдымен қарсыластарына «тәкфір» жариялап, оларды «дін дұшпандары» деп көрсетуге тырысады.

Араб тілінде «тәкфір» сөзі «біреуді дінсіздікпен, дінінен шығумен айыптау» мағынасындағы «кәфара» етістігінен шыққан. «Тәкфір» идеясы барлық дін атын бүркенген экстремистік және террористік ұйымдар мен ағымдардың идеологиялық негіздерінде кездеседі. Оның ықпалына түскен адам айналасындағылардың барлығын, тіпті ең жақын туған-туыстарын ұстанымдарына қарамай дәйексіз түрде «дінсіз», «діннен шыққан» деп жаппай айыптауға бейім тұрады.

Тәкфіршілік көзқарасты ұстанғандар діни негізде отбасынан, қоғамынан, әрмен қарай мемлекетінен оқшаулана түсіп, зайырлылық және басқа конфессияларға қатысты барлық нышандарға төзімсіздік танытып, көбіне радикалды, экстремистік, террористік ағымдардың қатарына қосылады.

Тарих сахнасында исламдағы қағидаттарды бұрмалап, діндарларды күпірлікпен айыптау тәжірибесін алғашқы рет халифа Әли ибн Әбу Талибке қарсы көтерілісті ұйымдастырған харижилер қолданған. Харижилер (араб тілінен аударғанда – «бөлініп шығушылар», «тастап кетушілер») мұсылмандардан бөлініп шыққан ислам тарихындағы тұңғыш діни-саяси топ. Олар мұсылмандар арасында бүліктердің таралу кезеңінде 657 жылы орын

алған Сыффин соғысының нәтижесінде пайда болған. Ол уақытта халиф Али ибн Абу Талиб пен Муавия ибн Абу Суфьян (661 ж. Омеядтар әулетінің негізін салушы) арасында бітім жасалған соң, 12 мың жауынгер халифтың әскерінен бөлініп шығып, мемлекет басшысына қарсы көтеріліске шықты. Сонымен бірге харижилер алғашқы болып ислам тарихында саяси негізде қастандықпен кісі өлтіруді жүзеге асырды.

Ислам шарифаты пайдалы және зиянды істердің аражігін ажыратып, жақсысына жақын, жаманынан алшақ болуға үндейді. Мұны исламдағы «амру биль-мағруф уа наһи ьаниль-мункар» (ізгілікке шақыру, жамандықтан тыю) қағидатынан-ақ білуге болады. Құранның «Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, жамандықтан тыйатын, сондай-ақ Аллаға сенетін қайырлы бір үммет болып шығарылдыңдар» («Әлі Имран» сүресі, 110-аят) деген аятының мазмұны осыны айғақтайды.

Бұл қағидат исламдағы ахлақтың – мұсылманның көркем тұлғасының алтын өзегін құрайтын басты үндеулердің бірі. Ізгілікке шақыру қағидаты негізінде өзін діндар санайтын әрбір пенде жеке және қоғам өміріне қатысты белсенді азаматтық ұстанымы болуы керек. Шынайы мұсылман өз шама-шарқынша қоғамға пайда келтіргені жөн. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюдың өзі – жақсы амал. Исламда сауапты істер жасау – бауырмалдық, отбасы мен туыстарына көмек беру, мейірімділік пен қайырымдылық, қайыр-садақа жасау, зекет беру, адал еңбек ету, т.б. көптеген құндылықтарды қамтиды. Құранда: «Жақсылық жасаңдар, сонда нағыз жетістікке жетесіңдер» («Хаж» сүресі, 77-аят), «Мүміндерге өте мейірлі, кішіпейіл бол» («Хижр» сүресі, 88-аят) делінген. Осыған орай Мұхаммед пайғамбар: «Әр адам қандай да бір жамандықты көрсе, оны қолымен тоқтатуы керек. Оған шамасы келмесе, сөзбен тыюы қажет. Ал егер оған да шамасы жетпесе, жүрегімен қарсы болуы тиіс» деген. Сондай-ақ Құранда: «Сендерден жақсылыққа шақыратын сондай-ақ дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосатын бір топ болсын. Міне солар құтылушылар» («Әлі Имран» сүресі, 104-аят) деген аят осы қағидаттың шынайы мағынасын аша түседі.

Алайда қазіргі таңда шетін көзқарастағы ағым өкілдері аталмыш діни қағидаттарды өз түсініктеріне сай бұрмалап, Құран аяттары мен хадистердің үзінділерімен діни-саяси идеяларын дәйектеуде. Радикалды топтардың идеологтары қасиетті мәтіндердің үзінділерін дәйек ретінде келтіре отырып, діни төзімділікті жоюға, әрі діни негізде отбасылық қатынастарды үзуге үндейтін идеяларды насихаттауда.

Осыған орай олар ізгілікке шақыру қағидатын шетін көзқарасты тарату үшін қолданып, жамандықтан тыю ұстанымын адамды туған-туыстары мен қоршаған ортасынан, ұлттық және діни санасынан, ұлттық-рухани құндылықтардан оқшаулау үшін пайдаланады. Экстремистер исламдағы ахлаққа қатысты айтылған жамандықтан тыю қағидатын өздері «әділетсіз» деп таныған үкіметті, заңдарды, мемлекетті құлату үшін идеяның қуатты діни дәйегі ретінде бұрмалап қолданып отыр.

Сонымен қатар олар исламдағы «әл-уәлә уәл-барәә» (достық және қатыссыздық) қағидатын өзіндік мағынасымен сенімдерінің ажырамас тірегі деп біледі. Мұндағы «достық» түсінігі Аллаға, Оның елшісіне, сондай-ақ барлық «таза исламды» ұстанғандарды дос тұту деген мағынаны береді. Ал «қатыссыздықтың» мағынасы – күпірлік еткендерді, көпқұдайшыларды, екіжүзділер мен бидғатшыларды, шариғатты ұстанбағандарды жек көру, олармен дұшпандық қатынастарда болу. Яғни радикалдар өздерінің діни сенімі мен көзқарастарын қабылдамағандармен барлық достық қатынастарды үзіп, оларға қарсы қолымен, тілімен және жүрегімен күрес жүргізуі қажет деп түсінеді.

Сондай-ақ шетін көзқарасты ағымдар «ат-таухид әл-хакимия» қағидатын ұстанады. Бұл қағидат бойынша барлық үкімдер тек Жаратушы тарапынан қабылданады. Ал егер үкім Алла түсірген заңмен шығарылмаса, олардың сенімі бойынша бұл күпірлік деп саналады. Сондықтан зайырлы немесе шариғаттан басқа заңнамалар негізінде өмір сүріп жатқан елдер экстремистер үшін «дар-уль-харб», яғни исламды қабылдамаған, әрі исламның таралуына қарсы тұрған мемлекет деп бағаланады.

Бүгінде мұндай пікірлерді әсіресе ғаламтор желісінде белсенді насихаттайтын тәкфіршіл ағымдардың бірі – «ДАИШ» ұйымы. Бұл ағымдардың насихаттап жүрген идеялары исламның шариғи қағидалары мен ұстанымдарына толығымен қайшы келеді. Сондықтан мұндай радикалды ұйымдардың діни-насихат жұмыстарына барлық ресурстарды пайдалана отырып, тосқауыл қою еліміз үшін аса маңызды.

8. Зерттеушілер ДАИШ террористік ұйымының қатарындағы содырлардың діни көзқарастары радикалды сипаттағы тәкфіршілік ұстанымдарынан туындайтынын айтады. Осы тұрғыдан алғанда тәкфіршілдер қандай шетін көзқарастарды уағыздайды және нені басшылыққа алады?

Ең алдымен радикалды сипаттағы тәкфіршіліктің мәнін анықтап алған жөн. Тәкфіршілік – ислам діні жөніндегі мәселелерде өзінің ұстанатын діни түсінігі мен бағыт-бағдарына сәйкес келмейтін кез келген азаматқа (әсіресе мұсылманға) «кәпір» деген айып тағу арқылы оны діннен шығару болып табылады. Радикалдар өздерінің идеологияларында уаһабилік діни түсінікке сүйенеді. Дәстүрлі исламды ұстанатын өзге мұсылмандарды «дінсіз» деп жариялайды.

Тәкфіршілер «біз тек Құран мен сүннетті басшылыққа аламыз, ал Құран мен пайғамбар сүннетінде мәзһабтар туралы ештеңе айтылмаған, ондай түсінікке дінде орын жоқ» деген идеяны алға тартады. Олар дәстүрлі исламда бұрыннан қалыптасқан мәзһаб түсінігіне қарсы шығып, дінге сенушілер арасында іріткі салып адастыруда. Тәкфіршілер әулиелерді құрметтеуді, бейіт басында Құран бағыштауды, жұлдыз-жорамалды, ырым-нанымдарды, ұлттық салт-дәстүрлерді «бид'а» («дінге жаңашылық енгізу») деп есептейді. Ал дінге жаңашылық енгізген адамға «муртад» («діннен шыққан») деген айып тағып, кәпірге шығарады.

Тәкфіршілер мұсылман елдеріндегі өздерінің идеологияларына қайшы келетін билік басшыларына, сондағы құқық қорғау органдары мен құрылымдардың өкілдеріне қатысты «тәкфір» үкімін қолданып, ондай мемлекетті «тағұт» («пұтқа табынушы») деп атайды. Бүкіл қоғамды кәпірге шығарып, «тағұт» деп айыптағаннан кейін олар төмендегідей екі әдістің бірін қолданады:

- 1) «кәпір» деп айыпталған өз еліне қарсы «жиһад» («күрес») жариялау;
- 2) ислам мемлекетіне «хижрет» («көшу»).

Олардың бұл әдістері дәстүрлі ислам қағидаттарына сәйкес келмейді.

Сарапшылардың айтуынша, радикалды діни көзқарастағы ДАИШ содырларының қылмыстары жиһадтық және тәкфіршілік идеяларға негізделген. Дегенмен бүкіл өркениетті әлем ДАИШ-тың әрекеттерін «лаңкес», «терроризмнің нағыз өзі» деп санайды.



ДАИШ-тың лаңкес идеясы – Солтүстік Африкадан Қытайға дейін созылған, құрамына Орталық Азия да кіретін кеңістікте «Ислам мемлекетін» құру болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылдың шілдесінде Уфа қаласында өткен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше-мемлекеттердің басшылары кеңесінің кеңейтілген отырысында ДАИШ сияқты лаңкес ұйымдар туралы: «Қазіргі қатігездіктің мақсатқа жету жолындағы идеологиясы мен қимылдары барлық діннің негізі мен философиясына қайшы» деп атап өткен болатын. Шариғатпен ғана басқарылуы тиіс болған тәкфіршілікке негізделген ДАИШ лаңкес ұйымының әрекеттері ислам қағидаттары мен жалпы адамзатқа ортақ рухани құндылықтарға мүлдем сәйкес келмейді.

ДАИШ идеологиясы зайырлылықтың кез келген үлгісіне қарсы. Ондай жүйелерге «тәкфір» жариялап, оларды жоққа шығарады. ДАИШ содырларының пайымдауынша, мемлекеттік жүйе тек шариғат негізінде ғана құрылуы тиіс. Олар ислам шариғатына сәйкес келмейтін мемлекеттерді мойындамайды. ДАИШ түсінігінде Құран мен сүннетпен басқарылмайтын мемлекет «кәпірлер мемлекеті» деп есептеледі. Олар әлемдегі мемлекеттерді «ислами» және «кәпір» деп екіге бөліп қарастырады.

Дәстүрлі исламда «тәкфір» үкімін жариялау тәртібі бірқатар шарттарды орындауды қажет етеді. Сондай-ақ, тәкфір жариялау исламдық құқық саласындағы атақты ғалым-мүфтилердің күзіретіндегі іс. Тиісті деңгейдегі не білім жоқ, не өмірлік тәжірибесі жоқ кез-келген адам мұндай маңызды шешім қабылдай алмайды. Дәлелсіз «тәкфір» жариялау исламға тән сабырлық пен түсінушілік ұстанымына қайшы келеді. Радикалдар намаз оқымайтындарды кәпір санайды. Бес уақыт намаз оқу исламда парыз амалы. Дегенмен, намаз оқымаған адам дәстүрлі исламда кәпір емес, күнәһар болады. алланы жоққа шығару, басқа құдайларға сыйыну, пайғамбарды немесе Құранды жоққа шығару сияқты діни-сенім амалдары күпірлікке апарайды.

Осыған орай, ислам ғалымдары «тәкфір» үкіміне байланысты: «Күпірліктің шариғаттағы мағынасы дінде айқын дәлелдермен белгілі болған нәрсені жоққа шығарып, оны мойындамау», – деген анықтама берген. Ал, Имам Нәуәуи: «Ақиқат жолын ұстанушылар құбылаға бет бұрғандардың (яғни өздерін мұсылман санағандар) ешбірін жасаған күнәсі немесе нәпсісінің қалауына ергені үшін күпірлікке шығармайды», – деген пәтуа айтқан. Тәкфіршілік ұстанымдағы ДАИШ содырларының әрекеттері болса, дәстүрлі исламдағы аталмыш қағидаттар шеңберінен әлдеқайда шығып тұрғанын аңғартады.

9. ДАИШ-тың мәдени-тарихи ескерткіштерді жоюының себебі неде?

«Ислам мемлекеті» (ИМ, ДАИШ) содырлары соңғы 4-5 жылдың ішінде Ирак, Сирия, Ливан елдерінде көптеген мәдени-тарихи ескерткіштерді жойып жіберді. 2015 жылдың өзінде ДАИШ содырлары Сириядағы әйгілі көне Пальмира қаласында ежелгі тарихи алты ескерткіштерді күл-талқан етті. Пальмирадағы сәулет кешенінің археологы әлемге танымал Халед Асадты көпшіліктің көзінше дарға асып өлтірген. ЮНЕСКО мен БҰҰ «Ислам мемлекетінің» әрекеттерін қатаң түрде айыптады. Сирия аумағында ЮНЕСКО қорғауындағы антикалық дәуірге жататын бірнеше нысандар бар екені белгілі. Ғаламтор жүйелерінде таратылған видеоларда ДАИШ содырлары көне жәдігерлерді, ежелгі заман ескерткіштерін қиратып жатқаны бейнеленген.

Сонымен қатар, содырлар Ирак мемлекетіндегі Мосул қаласының мұражайындағы VII-ші ғасырларға тиесілі адам бейнесі бар мүсіндерді және басқа да ескерткіштерді түгін қалдырмай қиратты. ДАИШ содырлары өздерінің мұндай әрекеттерін мүсіндер мен ескерткіштер ислам қағидаттарына қайшы келетіндігіне байланысты деп түсіндіреді. Ал 2014 жылы содырлар аталмыш шаһардағы орталық кітапхананы жарып, ондағы жүз мыңдай кітапты өртеп жіберген болатын. Ауыр техникаларды қолдану арқылы Ирактағы көне тарихи Нимруд, Хатра қалаларын жермен жексен еткен. Саяси сарапшы Хади Жалло Мерхи: «Ислам мемлекеті» радикалды ұйымы Таяу Шығыстағы мұражайларға орасан зор қиянат жасады. Олар Сириядағы өте маңызды ескерткіштерді жойып жіберді. Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан көне құнды заттар жоғалды. Барлығымыз бірігіп бұл хайуандық іске төтеп бермесек болмайды» деп өз өкінішін білдірді.

– Өкінішке қарай, ДАИШ (Мосул қаласын) жүйелі түрде талқандап жатыр. Олар қаланың өткенін, оның тарихи тамырын, дәстүрлерін, яғни Мосул тұрғындарын өткенімен байланыстырып тұрған нәрсенің бәрін мақсатты түрде жойып жатқанға ұқсайды, – дейді Чехиядан солтүстік Иракқа арнайы барған археолог ғалымдардың бірі, Батыс Богемия университетінің оқытушысы Карел Новачек.

Бағдат қаласынан солтүстікке қарай 400 километр қашықтықта, Тигр өзенінің бойында, тоғыз жолдың торабында орналасқан Мосул қаласы ғасырлар бойы сауда мен мәдениет орталығы болып келеді. Бұл қала мұсылмандардың, христиандар мен иудейлер өркениетінің бесігі болған. Бай тарихы мен мәдениетінің арқасында Мосул қаласы аспан астындағы мұражайға айналған болатын. ДАИШ содырларының шетін әрекеттерінен Жүніс пайғамбардың кесенесі мен ежелгі Шис мешіті жермен-жексен етілді. «Ислам мемлекеті» содырлары өздерінің әрекеттерін «мүсіндерге табынбау үшін оларды қирату керек» деп түсіндіреді. – Мұхаммед пайғамбар бұттарды жоюға бұйырған еді. Сол үшін біз де осы мүсіндерді қиратамыз, – деп мәлімдеді Associated Press ақпарат агенттігіне сұхбат берген содырлардың бірі.

Мүсіндерге табыну, не болмаса табыну үшін мүсінді қолдан жасау шарифатта шынымен де тыйым салынған. Алайда, ислам дінінде тарихи жәдігерлерді жойып-қиратуға қатысты бұйрық жоқ екенін білген жөн. Көне мәдени-тарихи мұралар керісінше ұрпаққа үлгі-өнеге болуы үшін сақталынуы қажет. Ислам діні алғашқы тараған кезеңде Византия жерлеріне дейін жеткені тарихтан белгілі. Ол уақытта мұсылмандар өзге елдердегі жергілікті халықтың мінәжат орындарын, қабірлерін, басқа да тарихи ескерткіштерін қиратып жоймаған еді. Керісінше, олардың өз ғибадаттарын орындап, мәдени-тарихи мұраларын сақтап қалуларына мүмкіндік берген.

Мұхаммед пайғамбар 630 жылы мыңдаған сахабаларымен Мәдина қаласынан Мекке қаласына кіріп келгенде қала тұрғындарына: «Кімде-кім қаруын тастаса оған қауіп жоқ. Және кімде-кім Харам мешітін, өз үйін не Әбу Суфиянның үйін паналаса, оларға ешкім тиіспейді» деген. Мұхаммед пайғамбар өз сөзінде тұрып, жергілікті (мұсылман емес) тұрғындарға тиіспейді, олардың ғибадатханалары мен мүсін-бұттарына, тарихи жәдігерлеріне тиіспейді. Тек, мұсылмандар үшін қасиетті саналатын Қағбаның іші-сыртын бұттардан тазартады. Пайғамбар Мұхаммедтің осыншама парасаттылығына тамсанған Меккедегі мүшріктер өз еріктерімен ислам дінін жаппай қабылдай бастайды.

Түрлі мемлекеттің 126 ислам ғалымының ДАИШ іс-әрекеттерінің ислам дінімен ешқандай байланысы жоқ екендігін айтып ашық хат жариялағандары белгілі. Сол хаттың мазмұнында ислам ғалымдары ДАИШ-тың мәдени-тарихи жерлерді бұзып, қабірлерді қиратқандарын қатаң түрде сынға ала отырып, исламмен ешқандай байланысы жоқ деп бағалады. Ғалымдардың мәлімдеуінше мүсіндерді қиратуға діни не тарихи ешқандай себеп жоқ. Сондықтан ДАИШ содырларының мәдени-тарихи ескерткіштерді жоюлары – ешбір діни негіздемесі жоқ, ақталмайтын аса ауыр қылмыс.

10. «Жыныстық жиһад» деген жиһад бар ма? Неге ДАИШ шейхтары осындай пәтуа беріп отыр?

2013 жылы Сирия және Ирак жеріндегі «ДАИШ» лаңкестік ұйымы тарапынан пайда болған «жыныстық жиһад» феномені әлемдегі исламофобиялық көзқарасты қалыптастырушы келеңсіз әрекеттердің біріне жатады.

Мұсылман қыз-келіншектердің саналы түрде жалған насихатқа еріп немесе алдану арқылы дін атын жамылған содырлар лагерлерінде, сондай-ақ олар жаулап алған территорияларда жыныстық қызмет көрсетуі әлбетте адамгершілікке жат құбылыс.

«Жыныстық жиһад» сөзін ең алғаш болып діни радикалды ағымдар шейхтарының бірі Мұхаммед Арафи айналымға енгізді. Ол өз бетінше сүнниттік мұсылман әйелдерді Сирияда Башар Асадтың билігіне қарсы соғыс ашып жүрген ДАИШ лаңкестік ұйым содырларына жыныстық қызмет көрсетуге шақырған «пәтуа» шығарды. «Пәтуасының» дәлелі ретінде Құрандағы «Ниса» сүресінің «Некелі әйелдермен үйленулерің арам қылынды. Бірақ қолдарыңдағы күндер (соғыс тұтқындары) басқа. Сендерге Алланың жазуы осы. Бұлардан басқаларды абыройлы болу, бой суытушы болмау шартымен малдарыңды беріп, қалауларың (мәһр беріп алуларың) халал қылынды. Сонда олардан осы шартпен пайдалансаңдар, бекітілген мәһрін беріңдер. Мәһр тоқтатылғаннан кейін ризалассаңдар, (еркек артық беріп, әйелдің аз алуы немесе тіпті алмауында) сендерге оқасы жоқ. Расында, Алла – толық білуші, хикмет иесі» деген 4-ші аятын мысалға келтіре отырып, әйел адамның бір күннен 99 жыл аралығына дейін ер адаммен интимдік қатынаста болуы жайлы көзқарасын паш етті.

Алайда Ибн Аббас, Хасан Басри, Мужаһид сынды тәпсіршілер «Сендер олардан алған ләззаттарың, көрген қызықтарың үшін оларға тиісті мәһрлерін (сыйақыларын) беріңдер» деген бұл аятты «тұрақты ақ некелі әйелден алынған ләззат үшін мәһр ақысын төлеңдер» деп түсінген.

Ислам шариғаты бойынша жиһад жасаудың, яғни қолға қару алып басқа елдермен соғысудың өзіндік талаптары мен шарттары бар. Ал ДАИШ лаңкестік ұйымы тарапынан жасалып жатқан әрекеттер әлбетте ислам діні атын жамылуда.

Кейінірек Мұхаммед Арафи ел арасында мұндай пәтуаны таратпағандығын айтып, көпшілік алдында ақталады. Дегенмен, тунистік БАҚ-тың дерек көздері аталмыш пәтуадан кейін «жыныстық жиһад» жасау мақсатында Сирияға жол тартқан қыз-келіншектердің саны артып, содырлар арасында бұл әрекеттің жаппай қолданысқа көшкендігін алға тартты.

Тунис елінің Ішкі істер министрі қоғамды жайлап бара жатқан бұл індетті мәселе етіп көтерген соң, «жыныстық жиһад» сөзі бұқаралық ақпарат құралдарында кең қолданысқа ие болып, тез арада өзекті тақырыпқа айналып үлгерді.

Түнистік мүфти Хамд Саид: «Біздің дінімізде жыныстық жиһад деген ұғымы жоқ!», – деп көпшілік алдында сөз сөйлесе, тунистік бұрынғы мүфти,

шейх Осман Баттих жыныстық жиһад әрекетін қолдаушы ер адамдар мен қыз-келіншектердің әрекеттерін «барып тұрған азғындық» деп бағалады. Шейх Баттих өз кезегінде барша тунистіктерді ислам діні атына кір келтірерлік мұндай келеңсіз әрекеттерге жол бермеуге шақырды.

Сонымен қатар, саналы түрде өз еріктерімен осы жолды таңдаған әйел адамдардың келеңсіз әрекеттерінен тыс, соғыс алаңында қаза тапқан кейбір содырлардың әйелдері уақытша басқа ер адамға мәжбүрлі түрде әйел болуға некелестірілетіндігін де атап өткен жөн. Бұл үдерістер ислам шарифатына түбегейлі қарама-қайшы әрекеттер болып табылады. Бұл жерден жан мен ар, тән тазалығына, жалпы алғанда рухани тазалық пен құндылықтарға шақырған ислам дінінің тұнығын лайлауға, оған қара күйе жағуға барынша тырысып жатқан содырлар әрекеті айқын аңғарылады.

Уақыт өте келе «Мұсылман бауырлар» ислами партиясының «жыныстық жиһадқа» шақырған үндеулері олардың ғаламтор сайттарында көрініс табуда деген айыптар тағыла бастады. Дегенмен аталмыш ұйым мүшелері өздері тарапынан мұндай әрекеттердің орын алмағандығын жеткізген.

Al-Masry Al-Youm, Daily Mirror және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтері бойынша ДАИШ қатарындағы содырлар өздері жаулап алған Мосул, Тикрит және басқа да аймақтарда әйел адамдарды жыныстық жиһад «қызметін» өтеуге шақырған және осы сөзге құлақ асқан адамдардың күнә мен кінәдан арылатындығы туралы үндеулері кеңінен таратылған. Әйел адамдар бас тартқан жағдайда өлім жазасына кесіліп отырған.

Ең алдымен, ислам дінінде «жыныстық жиһад» түсінігінің мүлде жоқ екендігін атап өткен жөн. «Жыныстық жиһад» ұғымы «уақытша неке» деген түсінікке негізделген. Ислам шарифаты бойынша ер мен әйелдің мұндай қарым-қатынастары зина жасау болып табылады. Бұл пәтуаға сүнниттік ғұламалар ижмағ (бір ауыздан қолдау) жасаған.

Мұхаммед пайғамбар өмірінің ең соңында жасаған «Қоштасу хұтбасында»: «Мен сендерге уақытша некені (ұзақ мерзімге созылған соғыс уақытында) рұқсат еткен едім, бірақ Жаратушы қиямет-қайымға дейін уақытша некеге тыйым салды», – деп, уақытша неке ислам дінінде тыйым салынған іс екенін екі мәрте қайталап айтып кеткен.

Сонымен қатар, мұсылмандардың кейбірі: «Исламда уақытша некеге рұқсат бар екен», – деп айтқан уақытта Хазіреті Әли ашуланған күйде: «Шын мәнінде, сен адасқан екенсің... Алланың елшісі Хайбар шайқасында уақытша неке қиюға және үй есегінің етін жеуге тыйым салды» (Бұхари, Мұслим, Мәлик және т.б.) деген сынды сахабалар тарапынан айтылған бірқатар риуаяттар жеткен.

Сондай-ақ, өмірінің біраз уақытын «Неке» мәселесіне арнаған Шәлтут есімді ғалым өзінің «Әл-Фатауа» (пәтуалар) жинағында уақытша некеге қатысты: «Әйелге бір жылда он бір еркекке тұрмысқа шығуына, ал ер адамға күн сайын басқа әйел алуына рұқсат беріп, оған ешбір отбасылық міндет жүктемейтін заң – Алланың заңы емес», - деп ойын түйіндеген.

Жақын арада Қырғызстан елінде Сириядан қайта оралған әйелдерге жүргізілген арнайы сауалнамалар нәтижесінде қарулы соғысқа аттанудың мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған саясатқа деген көңіл толмастық, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, жемқорлық және діни сауаттылықтың төмендігі сынды бірқатар фактілер анықталған.

Ал Батыс елдерінде аталмыш мәселенің орын алуы саяси-әлеуметтік мәселелерден бұрын, ер адамдардың рухының төмендеуі, әйел адамдардың отбасылық және әлеуметтік қиындықтарды ер адамның көмегінсіз жалғыз арқалауымен қатар, ислам дініне деген сұраныстың артуынан туындап отырғандығын кейбір зерттеушілер алға тартады. Өз кезегінде радикалды топтар осындай адамдар тобын өз қатарларына оңай тартуда. «Шынайы тақуа мұсылман» атын жамылып, Алла жолында дін үкімдері мен «тапталып жатқан» мұсылмандар құқығы үшін «қарулы жиһад» жолында өз өмірлерін «өлімге» қиған содырлар тобы кейбір әйелдер үшін қазіргі заманның «батырлары» бейнесін сомдауға тырысып бағуда.

ДАИШ ұйымының содырлары өз мүдделерін жүзеге асыру мақсатында ақпараттық-технологиялық және басқа да жетістіктерді пайдалана отырып, әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы әйелдерді ұйым қатарына тарту – олар үшін өте тиімді «жобалардың» бірі. Өйткені содырлардың қармағына ілінген әйелдер біріншіден «жыныстық жиһад» атауын жамыла отырып, «жыныстық қызмет» көрсетсе, екіншіден арбау арқылы өзге де әйелдерді соғыс алаңына тартуға ықпал етуде, үшіншіден олар саналы немесе мәжбүрлі түрде «дін жолында» өздерін «шаһид» қылуға, яғни құрбан етуге дайын. Қорыта айтқанда олар тегін әрі «ықыласты» түрде «қызмет» атқарушы адамдар күшіне айналып отыр.

11. ДАИШ-тің ғаламтордағы бейнематериалдарында оның қатарында жүргендердің өмірі керемет болып көрінеді. Ол шын мәнінде солай ма?

XXI ғасыр ашық ақпараттық дәуір болғандықтан әртүрлі ақпараттар ашық жарияланып, көптеген мәліметтер барша жұртшылыққа қол жетімді болып отыр. Бұл жерде ғаламтордың қосып отырған үлесі зор екені айтпаса да түсінікті. Дегенмен әр алуан мәліметтердің шамадан тыс көп әрі қол жетімді болуы діни экстремистік идеялардың кеңінен таралуына да жағдай туғызуда.

Экстремистік ұйымдар өз жақтастарын көбейту үшін өз идеяларын кеңінен насихаттап өз ұстанымдарының дұрыстығын діни тұрғыдан дәлелдеуге тырысады. Осы мақсатта олар діндарларды арандатып, өз мақсаттарына жету құралы ретінде діни қағидаларды, қасиетті мәтіндерді (Құран, хадис) пайдаланады.

Қазіргі таңда ДАИШ өз қатарын толтыру мақсатында негізгі құралына айналдырған ғаламторды белсенді пайдалануда. Мысалы, «Шамға келген 150 қазақ» (2013 жыл, қазан), Әл-Хайат телестудиясы дайындаған «Те кто были правдивы с Аллахом» (2014 жыл, шілде), Әл-Фурқан телестудиясы дайындаған «Обращение казахстанских братьев из Шама» атты (2014 жыл, тамыз) бейне-үндеулер жарияланған. Мұндай үндеулер мен насихаттар азаматтарды ашық заңбұзарлық әрекеттерге шақырады. Мәселен, 2015 жылдың басында ДАИШ әскерінің қатарын шамамен әлемнің 90 елінен жиналған 20 мың шетелдіктер құрады. Ресми мәліметтер бойынша экстремистік идеологиялардың қармағына ілінген, Таяу Шығыстағы (Сирия аумағына) соғысқа аттанған Қазақстан Республикасының азаматтарының саны 300 адамнан асқан.

Азаматтардың «ДАИШ» содырларының қатарына қосылу үшін ғаламтор арқылы сол азаматтардың не нәрсеге қызығушылық танытқандығы туралы сұрақ кімді де болсын ойландырмай қоймасы анық.

Осы тұрғыда бұл мәселені діни, әлеуметтік және рухани тұрғыдан қарастыруға болады. «ДАИШ»-тың әлеуметтік желілерде жарияланған бейне материалдарының мазмұнына назар аударсақ, *«Алланың жолымен, Мұхаммед пайғамбардың сүннетімен жүрміз және халифат құру арқылы әлемде болып жатқан әділетсіздіктің алдын аламыз. Сондай-ақ, шариғат бойынша басқарылмаған мемлекет – кәпірлердің елі, сондықтан баршаңызды бұл мәселеге бейжай қарамай біздің қатарымызға қосылып, жихад жасауларыңызды талап етеміз»* деген идеологиялық және психикалық шабуылдар, діни білімі таяз азаматтардың «шынайы ислам» осы екен деп біліп, «халифатшылардың» қатарына қосылуға итермелейді. «ДАИШ»-тың қатарына қосылушыларды тек теологиялық көзқарастары үшін ғана қосылып қоймай, әлеуметтік жағы да қызықтыраы сөзсіз.

Мәселен, бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтеріне сүйенсек, содырлар қатарындағы ресми ант қабылдаған «жауынгерлердің» жалақысы күніне шамамен 1000-нан жоғары АҚШ долларын құрайды. Сонымен қатар,

тұрғын үй және көлікпен қамтамасыз етілетіндігі туралы жалған ақпарат әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарды қызықтырып, өз қатарларын толтыру мақсатында бұндай «жарнамалар» жиі көрініс тауып жатыр.

Әрине бұндай «жарнамаларға» болашағының үмітіне сенімсіздікпен қараған және өмірлік жағдайлардың түрлі себептеріне шыдай алмай депрессиялық күйге түскен азаматтар «ДАИШ» содырларының қатарына қосылатындығы сөзсіз. Ақырында, өз қиялындағыдай Таяу Шығыстағы өмірін «ақша жетерлік» сипатта елестеткен азаматтар жер сипап қалып жатады.

Мысал ретінде Таяу Шығыстан еліне оралған ҚР азаматының бір сұхбатынан үзінді келтірсек, *«ДАИШ»-ті шынымен де «Ислам мемлекеті» ретінде елестеттім. Себебі, сол уақытта діни білімімнің таяздығына, яғни ислам дініне жаңадан қызығушылық танытып жүрген кезім еді, онымен қоса әлеуметтік жағдайымның төмендігіне байланысты ғаламтордағы «ДАИШ»-тың бейне материалдары көңілімнен шықты. Өйткені, мен де мұсылман бола тұра, Таяу Шығыстағы «бауырларыма» жәрдемдеспей қоюды құп көрмедім. Бір жағынан «жағдайымды да дұрыстап алармын» деген ойда болдым. Бірақ, бәрі ойдағыдай болмады, яғни ол жерде исламның иісі де жоқ екеніне көзім жетті»,* – деп өкінішін айтса, ғаламтордағы келесі бір азаматшаның «Надя» есімді азаматшаның сұхбатынан үзінді келтірсек: *«Ол жерде жақындарыңды іздеуге, ғаламтор пайдалануға рұқсат жоқ, Құран, Ислам қағидаттары мүлдем ауызға да алынбайды, тек қана суық қару мен соғыс шарттарына дайын, өздерін тек соғысқа дайындаған бірыңғай форма киінген адамдар ғана болды. Олар өздерінің бұл істі тек Жаратқанның разылығы үшін жасап жатқандықтарын айтты. Алайда дінге сүйене отырып бізді сатып алады. Олардың істері Ислам шарттарына мүлдем керезар. Құранды да сирек оқиды. Көбісі Ислам дінін енді үйреніп жүргендер, бір жыл төңірегінде ғана қабылдап үлгергендер. ИШИМ-ге келген қыз-келіншектер содырлардың жыныстық құмарлықтарын басу үшін әкелінген. Олар бізді адам құрлы көрмейді, құдды бір базардан сатып алынған заттай қарайды. Қолдарына тілдей қағаз ұстап, «сарысы керек, қараторы болсын, жасы мынанишада болсын...» деген сияқты тізіммен келеді»,* — деп, ИШИМ-нен көрген-білгендерімен бөлісті.

Лаңкес топтар кейде ашық түрде соғысқа шақырмағанымен діни бауырмалшылықты насихаттау арқылы өздеріне қаржылық, қызметтік (мысалы, WhatsApp және т.б. кең қолданыстағы желілер арқылы экстремистік идеялар тарату), тағы басқа кез-келген көмек көрсеткен адамдарың ісін Мұхаммед пайғамбардың, сахабалардың дін жолындағы қайраткерлігімен теңестіреді. Мұндай үгіт-насихат діни қағидаттарды бұрмалау және дәйексіз ақпаратты тарату арқылы қоғам және жеке адам санасына кері ықпал етіп, сол арқылы ұлт қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді мақсат тұтады.

Санасы уланған азаматтар үшін «ДАИШ» «нағыз ислам» болып көрінгенімен, ғаламтор бетіндегі дүние жүзінің мұсылмандарын жиһадқа шақыратын аудио және видеоматериалдарына назар салсақ, онда олардың қатыгездігі мен қанішерлігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мұнда

мұсылман немесе кәпір деп айырмастан жазықсыз жандар аяусыз атылып, дарға асылып, бастары шабылып, қойша бауыздалып жатады. Исламда адам өмірі мен оның құқығы қасиетті болып табылады. Құранда: *«Өлтірілуіне Алла тыйым салған кісіні нақақтан өлтірмеңдер...»* делінген (Әнғам: 151).

Сонымен қатар ДАИШ Ирактағы шиит, христиан, езид, түркімен, күрд, сынды этникалық әрі діни азшылық өкілдеріне жүйелі түрде шабуыл жасап, қан төгуде. Шынтуайтында ДАИШ содырлардан құралған лаңкестік ұйымнан басқа ештеңе де емес. Олардың шектен шыққан әрекеттерін, ДАИШ-тің басшысы Әбу Бәкір әл-Бағдади мен оның жақтастарын айыптаған мұсылман әлемінің жүз жиырмадан астам белгілі ислам ғұламалары мен мүфтилерінің қолдары қойылған ашық хат жарияланғаны белгілі.

Ашық хатта ғалымдар содырлардың жасалып жатқан лаңкес әрекеттеріне талдау жасап, олардың ислам шариғатына сәйкес келмейтіндігі айтылған. Мысыр елінің пәтуа шығару басқармасы «ДАИШ» содырлары нақ өзін-өзі жарып жіберуге арналған қаруды қолдануына қарсы пәтуа шығарды. Пәтуада: *«Мұндай қарулар арнайы жасалады. Бүгінде лаңкестер өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін қарудың әйелдерге арналған түрін ойлап шығаруда. Мұндай қару террористік қақтығыстарда өзін-өзі жару үшін жасалған. Қазіргі таңда лаңкестер өзін-өзі жарып жіберу әрекеттерінде әйелдерді құрал етіп алды. Лаңкестер ол үшін алдымен бір әйелді таңдап алып, оның санасына психологиялық шабуыл жасайды. Әлгі әйелге өлім туралы әбден насихат айтылады. Қажет болған жағдайда өзін өлтіруге итермелейтін арнайы миға әсер ететін шөптер ішкізеді. Біршама уақыттан кейін әлгі әйел дайын әскер болып шығады»* делінген.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңдағы ИШИМ жүргізіп жатқан қарулы қырғын исламның шариғи қағидалары мен ұстанымдарына толығымен қайшы келеді. Сондықтан мұндай әрекеттер исламға, мұсылман қауымына және жалпы адамзатқа қарсы жүргізіліп жатқан террорлық акт ретінде бағаланады.

12. Әлеуметтік желілер мен ғаламтор сайттарында ДАИШ өз идеологиясын қалай насихаттауда және өз қатарларын толтыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдануда?

Қазіргі кезде ғаламтор әлемі қоғамның ақпарат көзі ғана емес адамдардың бос уақытын өткізетін, көңіл көтеретін және негізгі байланыс құралына да айналып үлгерді. Ғаламтор әртүрлі онлайн чаттар, ойындар т.б. жастарды шырмап алатын дүниелерге толы. Сол себепті бүгінгі таңда жастар смартфон, компьютер арқылы уақытының көбісін виртуалды әлемде өткізеді.

Ғаламторды пайдаланушылардың саны күн санап артып келе жатқанын террористік ұйымдар да жақсы біледі. Жаңа технологияның дамуына байланысты террористер де заман ағымына бейімделген. Тіпті сандық технологияны өз мүддесіне қолдануда көш басында тұр. Өз кезегінде террористердің бұл әрекеті әлем үшін қауіпті құбылыс болып табылады.

ДАИШ өз идеологиясын насихаттау барысында ғаламторды жетік игергендігін көрсетті. Олардың ғаламтордағы жұмысы жемісті болып өз қатарларын жаңа адамдармен толықтыруда. Осыған орай олардың ғаламтордағы жұмысын зерделеп көрсек.

ДАИШ өзін жарнамалаудың әртүрлі тәсілін қолданып келеді. Әлеуметтік желілерде өздері жайлы қауесет сөздерді, бейне, дыбыстық материалдарды таратып, үнемі жұрттың назарын аударып отырады. Мысалы, ДАИШ-тің адамгершілікке жат әрекеттері бейнеленген сенсациялық сипаттағы бейне материалдар осы мақсатта таратылған. ДАИШ тіпті өзін әзіл, карикатура арқылы жарнамалайды. Мақсатты түрде таратылған материалдар өз міндетін атқарып болған соң, басқа материалдар дайындалады.

ДАИШ ғаламторда адамдардың агрессиясын туындататын материалдарды жариялайды. Әсіресе діндарлардың ашу-ызасына тиіп, арандататын материалдарды жиі қолданады. Мысалы, мұсылман әйелді зорлап жатқан «кәпірлер» туралы бейне ролик ғаламторға осы мақсатта салынған. Мұндай материалдарды көрген шала сауатты жастар «кәпірлерге» деген өшпенділігі артып, радикалдануға алып баратын басқа да материалдармен таныса бастайды. Нәтижесінде адам террористік ұйымның сойылын соғушы лаңкестің біріне айналады.

Ғаламтордағы хат алмасатын чаттарда, әлеуметтік желілерде жаңа таныс іздейтін қыз-жігіттер аз емес. ДАИШ содырлары мұндай жерде адамдарды өз құрығына түсірудің айла-әдісін жақсы қолданады. Әсіресе бұл әйел адамдарды арбауда сәтті іске асады. Себебі таныс іздеген кейбір қыздар өз өмірі, толғандырған мәселелері жайлы ақпараттарды ғаламторға көптеп салады. Сырлас таппай жүрген жандарға чаттарда шетелдік бейтаныспен ашылып сөйлесу, ішкі сырын айту жеңіл болады. Ал бұл мәліметтер мен жағдайлар содырларға өз құрбаны жайында жақынырақ танысып, өз құрбандарымен ортақ әңгіме айтуға сол арқылы өз ыркына құлатуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде әйелдердің санасына «жыныстық жиһад» жасауды сіңіреді.

Террористер жастардың санасын улау үшін бейнеойындар жасап шығаруда. Ғаламтор-ойындарда ойыншы террористердің белгілеп берген миссияларды орындап, әр түрлі нысандарды жоюмен айналысады. Бұл ойындарды көп ойнаған жастар өздерін террористік ұйымның бір мүшесі ретінде сезіне бастайды.

ДАИШ ғаламторда жеңіл жүктелетін, тез көшірілетін материалдарды таратады. Сонымен қатар ғаламтордан, әлеуметтік желілерден мәлімет іздеушілерге өз материалдарын тықпалайды. Осы мақсатта ДАИШ әртүрлі медиа маркетингтік әдістерді қолданады. Мысалы, әлеуметтік желілерде танымал хэштегтерді (#) алып, оның мазмұнына өз материалдарын көптеп орналастырады. Іздегіш (Поисковая система) желілерде ең жиі ізделетін сөздердің қасына өз материалдарын тықпалайды.

Содырлар мобильдік қолданбаларды шығаруда. Мысалы, андроид жүйесіне арналған «Dawn of Glad Tidings» атты қолданба жазбаларды бұзып, мезгіл-мезгілмен хабарламаларды таратуға мүмкіндік береді. Ол «Сирия, Ирак және ислам әлемінің жаңалықтарын тарататын бағдарлама» ретінде сипатталып, қолданушыға мультипликативтік әсер етіп, пайдаланушылардың жазбаларын, шоттарын басқаруға мүмкіндік береді.

Ғаламтордағы тағы бір ДАИШ әрекеті пайдаланушылар арасында «онлайн жиһад» жасауды насихаттау болып табылады. ДАИШ бойынша онлайн жиһад деген – ғаламтор әлемінде ДАИШ идеологиясына қолдау білдіру, терроризмге шақыратын үндеулерді тарату әрекеттері. «Онлайн жиһад» жасаушылар – ДАИШ құрығына ғаламтор арқылы іліккен адамдар. Олар қоғамда қарапайым елеусіз адам болып көрінуі мүмкін. Алайда виртуалды әлемде олар террористердің сабына жаңа құрбандарды тартушы күш.

«Онлайн жиһад» жасау бүгінгі күні қоғам үшін өте қауіпті. Содырлықтың бұл түрінде «онлайн жиһадшы» қолына қару алып соғыспайды. Бірақ ғаламтор арқылы жаңа құрбандарға әр түрлі жарылғыш заттардың, қарулардың жасау тәсілдерін үйретіп, террористік әрекеттерді іске асыру жоспарларын ұйымдастырады. Ғаламторда әр түрлі акциялар өткізіп, қаржы жинастырады. Акциялар көпшілік жұрт күдіктенбейтіндей қайырымдылық шаралары немесе басқа бір жақсы істерді қолдау білдіруге арналады. Акциядан жиналған қаржыны содырлық әрекетті жалғастыруға жұмсайды.

ДАИШ-тің шығарып отырған материалдарының сапасы жоғары. Оны таратып жатқан Әл Хаят Баспасөз орталығында дайындалып шыққан зорлық-зомбылық және шайқас эпизодтары бейнеленген роликтерден аңғаруға болады. Мұндай бейне роликтер кәсіби мамандардың қолынан шыққандығын байқау қиын емес.

ДАИШ-тың жоғарыдағыдай құрығына түсіру айналасынан сақтану үшін ғаламтор пайдаланушылар мына қағидаттарды ұстанғаны дұрыс:

- өшпенділікті, кек алуға деген құмарлықты тудыратын арандатушы материалдарды пайдаланбау;
- дінге қатысты күмәнді дереккөздерді пайдаланбау;

- әлеуметтік желілерде, чаттарда бейтаныс адамдармен сақтықпен сөйлесу, күмән туғызатын мәліметтер болса байланысты үзу;

- әлеуметтік желілерді пайдаланушы парақшасында жеке басына қатысты толғандырған мәселелер жайлы артық ақпараттарды қоймағаны дұрыс;

- әлеуметтік желілерді пайдаланушы өз парақшасын қараусыз қалдырмауы керек. Себебі, парақша иесін белгілеп (отметка), парақшаға жалған аккаунтпен террористік бағыттағы материалдар қалдыруы мүмкін;

- ғаламтор желілеріндегі әр түрлі репост жасауды, қаржылай көмек көрсетуді сұрайтын акцияларға сақтықпен қарау;

- террористік бағыттағы адамгершілікке жат ойындарды, материалдарды пайдаланбау;

- қолданушыға белгісіз ұйялы телефонға, планшетке, компьютерге арналған бағдарламаларды арнайы маманның кеңесімен орнату.

ДАИШ ғаламторда белсенді жұмыс жасап отырған террористік ұйым. Оның жоғарыда келтіргендей ғаламтордағы құйтырқы арбау әрекеттері адамдарды өз құрығына түсіруде табысты болып отыр. Сондықтан ғаламтор қолданушылары сақтық шараларын ұмытпаулары қажет.

13. Азаматтардың жеке түрде және тіпті бүкіл отбасыларын алып ДАИШ жаулап алған аймақтарға кетуінің себептері неде?

Соңғы уақытта әлемнің кейбір аумақтарында топтасқан террористердің белсенділігі артып, кең таралуы байқалуда. Террористік актілердің көбеюіне Ауғанстан мен Таяу Шығыстағы әскери қақтығыс аймақтарындағы Ауғанстан-Пәкістан және Ирак-Сирия қақтығыстары әсер етуде.

Ирак пен Ауғанстандағы қақтығыстар – жергілікті әлсіз үкіметке қарсы бағытталған қарулы қозғалыстардың салдарынан пайда болған көпұлтты қақтығыстар. Нәтижесінде, аз уақыт аралығында «Ирак және Шам ислам мемлекеті» (ДАИШ) деген атпен коалиция болып біріккен жалданбалы қанішерлер тобы өздерінің адамзатқа қарсы жантүршігерлік іс-әрекеттерімен бүкіл әлемді дүрліктірді.

Іс-жүзінде бұл экстремистік ұйымның мақсаты шарифат қағидаларына сүйеніп, ислам мемлекетін құруды көздемейді. Олардың мақсаты □ тек билік пен материалдық құндылықтар.

Өкінішке орай, қазіргі кейбір мәліметтер бойынша 400-ге жуық қазақстандықтың Сирия-Ирак аймағындағы соғыс қимылдарына қосылғаны белгілі болып отыр. ҚР ҰҚК басшысы Н.Әбіқаевтың айтуынша «Ислам мемлекетіндегі» қазақстандықтардан «қазақ жамағаты» құрылған. Азаматтарымыздың ДАИШ қатарына қосылуының себептері мен олардың бұл жолға түсуіне әсер еткен факторлардың не екенін білу алаңдатып отыр.

Біріншіден салафилік, тәкфіршілік идеологияларын насихаттайтын әсіре діншілдер арасында беделі зор жергілікті уағызшылардың үгіт-насихат жұмыстарының ықпалын айтып өткен жөн. Ғаламтор арқылы жүргізіліп отырған экстремистік әрекетті насихаттайтын уағыздар □ әлемдік деңгейдегі күн тәртібіне енген мәселеге айналды. Экстремизм мен терроризм идеяларын тарататын сайттар мен әлеуметтік желілер халықаралық қауымдастық үшін үлкен қауіп төндіреді. Мұндай ресурстар арқылы халықаралық террористік ұйымдар «кәпірлермен» күресуді, «әлемдік халифат құруды» көздейтін радикалды ағымдардың идеяларын насихаттайды.

Қазіргі таңда ғаламтор кеңістігінде араб және Орталық Азия мемлекеттерінен шыққан интернет-имамдардың белсенділігі артуда. Әсілі, олардың уағыздары әлемнің көп тілдерінде жүргізіледі. Сондай-ақ Орталық Азия аудиториясына бағытталған арнайы уағыздар да бар. Шағын жамағаттар мен радикалды салафиттік көзқарастағы жеке тұлғалардың әрекеттерін азаматтарымыздың Сириядағы соғысқа аттануының келесі бір факторы ретінде айтуға болады. Бұл жайттар құқық қорғау органдары тарапынан мемлекет және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты іс-шараларды күшейтуді талап етеді.

Әрине, радикалды көзқарастың қалыптасуына тек жергілікті уағызшылардың ықпалы себеп болады деуге келмейді. Өйткені ДАИШ қатарына әлемнің түкпір-түкпірінен жаңа содырлардың қосылуына «бауырлар» тарапынан айтарлықтай қаржылай «көмек» көрсетілуі себеп болуда. Үй-жайдың болмауы, жұмыссыздық, сауатсыздық, өмір сүру

деңгейінің төмендігі, өмірге деген наразылық, тағы басқа кейбір әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілмеу үдерісі халық арасындағы жекелеген азаматтардың оқшаулануына апарады. Қоғамнан оқшауланған мұндай топтар жат қылықтарға дағдыланып, өз кезегінде көбінесе қылмыстық әрекеттерге баруға бейімделеді. Нәтижесінде, қарапайым азаматтың қылмыскерге, қоғамға қауіпті террористке айналуын ДАИШ мысалынан байқауға болады.

Идеологиялық сана-сезімі тұрғысынан еліміздегі өмірден де жақсы өмір сүру арманы мен сол өмірді табуға деген сенімі азаматтарымыздың Сирияға аттануына елеулі ықпал тигізіп отыр. Сондықтан олар «әділдік пен жақсы өмірге» үміттеніп отырып, назарын Таяу Шығысқа аударады. Алайда, басқалардың қолындағы қуыршаққа айналғанын біліп, райынан қайтса да, өкінгені кеш болып қалады. Қазақстандық саясаттанушы-эксперт Е.Қарин: «...Қазақстаннан кеткендер қасиетті соғысқа қатысамыз деп ойлады, ал шындығында оларды басқалар өз мақсаттарына пайдаланды. Ұйымды белгиялық азамат құрды, қару қолдану өнерін француз үйретті, ал ұйымды америкалық ресурс жарнамалады. Ал біздің азаматтарды тек қана пайдаланды. Қазір де солай» – деген еді.

Осыған орай, ДАИШ – діни және рухани мақсатты ұстанбайтын, тек пайдаға кенелуді, билікке қол жеткізуді, оңай олжа табуды көздейтін террористік ұйым. Оның әрекетінің нәтижесі □ басқыншылық, күш қолдану, адам төзгісіз қаталдық, анархия мен тәртіпсіздік, ойрандау және ең жаманы – мыңдаған бейкүнә жандардың құрбан болуы.

Азаматтардың діни білімінің төмендігі, шешімі табылмаған әлеуметтік-экономикалық мәселелерге тап болуы, сыни ойлау мен ұлттық және азаматтық бірегейлігінің жоқтығы олардың ғажайып өмірді уәде ететін радикалды идеологтардың ықпалына түсулеріне себеп болуда. Нәтижесінде, мұндай азаматтар өзін өркениетті қоғамға қарсы қойып, бүкіл адамзаттың қол жеткізген жетістіктерін жоққа шығарып отыр.

14. Кейбір әлеуметтанушылардың пікірінше азаматтар психологиялық күйзелістен арылу үшін діни экстремистік идеяларға бой ұруда. Осы пікір қаншалықты ақиқат?

Әлеуметтанулық-психологиялық зерттеулерде тұжырымдалғандай, мінез-құлқ ерекшеліктері жөнінен алғанда радикалды идеология ықпалына бірінші кезекте билікқұмарлар, екінші кезекте пайдакүнемдер, үшінші кезекте әсіредіншілдер ұшырайды.

Шетін көзқарас пен лаңкестік әрекетке еліккіштердің мінез-құлқының ортақ ерекшеліктері ретінде өзіне және әлеуметтік жағдайына көңілі толмаушылық, кез келген қиындыққа өзгелерді (соның ішінде мемлекеттік құрылымды да) кінәлауға бейімділік, әлеуметтік әділеттілікті тар ауқымда түсініп, ортаны өзгертуге құлшыну, тәуекелшіл әрекеттерге бейімділік, өзін көрсету, өзінің бір нәрсеге қабілеттілігін дәлелдеуге тырысушылық секілді сипаттар айқындалған.

Жастардың арасында экстремистік идеологияның шырғалаңына кәсіби білімі мен біліктілігі жоқ азаматтар жиірек түседі. Бұл тенденцияның өріс алуын радикалды топқа іліккен жастардың қате діни ұстанымдарына байланысты зайырлы білім алудан бас тартып, оқуын тастап кету оқиғаларының көбеюінен байқауға болады. Соның салдарынан мұндай адамдар көбіне өз кәсібінің маманы ретінде қалыптаса алмай, тиісті деңгейде қаражат әкелетін тұрақты табыс көзін таба алмай қалады. Бұл – жат ағымға ерген адам мен оның отбасын қиын әлеуметтік жағдайға соқтыратын жайт. Яғни адам өз отбасын қаржылай қамтамасыз етуге қауқарсыз қалады.

Ендеше, адамды мұндай ауыр ахуалға түсіретін себептерді қарастырып өтейік. Экстремистік және террористік топтардың құрамына негізінен сотталған немесе қылмыстық істерге араласқан тұлғалармен қатар, қылмыстық іске араласпағандар да кіреді. Бұл жайтқа психологиялық жағынан назар салсақ, аталмыш типтегі адамдар негізінен құқықтық нигилистер, яғни зайырлы заңдарды мойындамайтын тұлғалар болып табылады. Олардың дүниеге деген көзқарасы діни-құқықтық категорияларға негізделген. Сонымен бірге, олардың түсініктеріндегі діни заңдар мен құқықтар радикалды идеологиялардың мақсаттық бағыттарына сәйкес бұрмаланған. Сондықтан болар, экстремистік және террористік топтардың құрамындағы тұлғалар өздерінің лаңкестік әрекеттерін діни-құқықтық жағынан дұрыс деп біледі.

Кез-келген экстремистік ұйым – оқшауланған ұяшықтардан құралған қатаң иерархиялық тәртіпте ұйымдасқан топ. Осы топпен байланысын құраған адам міндетті түрде бірнеше психологиялық арбау кезеңдерінен өтеді.

Бірінші кезеңді шартты түрде «достық қатынасты орнату» кезеңі деп атауға болады. Бұл кезеңде адам радикалды жамағат мүшелерімен, әсіресе идеологтарымен достық қатынастар орнатып, жамағаттың діни дәрістеріне қатыса бастайды.

Адамның радикалды жамағатқа бауыр басуымен психологиялық ықпал етудің келесі кезеңі – «ақпараттық оқшаулау» жүзеге асырыла бастайды. Аталмыш кезеңде радикалды топқа толығымен сенім білдірген адам сол ұйымның жетекшілерін ғана тыңдап, радикалды идеологтардың ғана ұсынған әдебиеттерін оқиды.

Қажетті ерекше микроклимат құрылған жамағаттың ішінде өмір сүрген адам сол топтың бір ажырамас бөлшегі ретінде қалыптасып, ой-санасы, дүниеге көзқарасы, танымы экстремистік идеологияның мақсаттары мен мүддесіне сай белгілі бір бағытта түзіледі. Өмірін оқшауланған топпен байланыстырған адам есесіне айналасындағы қоршаған қоғамынан, туысқандарынан, отбасы мүшелерінен алшақтай түсіп, олармен қатынастарын толығымен үзеді. Өйткені жамағат үшін сыртқы әлем – жау, дұшпан, ал іштегілер бір-біріне дос, бауыр.

Экстремистік ұйымдар қатарына қосылған адамның санасын өзгерту үшін ең алдымен оның сыншыл ойлану қабілетінен айыруға әрекеттенеді. Өйткені сыншыл ойланусыз адамға кез-келген идеяны еркін сенім ретінде миына құйып қоюға болады. Осыған орай радикалдардың діни дәрістері тиісті бағдарламалар мен мақсаттар шеңберінде әзірленеді. Олардың діни танымдары айналадағы барлық объектілер мен әрекеттерді «дос-дұшпан» немесе «халал-харам» категориялармен ғана айқындайды. Экстремистік топтағы адам үнемі өзге дінді ұстанатын немесе оның көзқарасын қабылдамайтын адамдарды, қоғамды, мемлекетті «дұшпан» санайды. Ондай адам зайырлы заңға бойсұнбайды, заңның өзін мойындамайды.


Яғни радикалды жат ағымға ерген адам өзінің ұлттық, азаматтық және діни танымынан айрылып, жекеменшік тұлғасы құлдырайды. Бұрмаланған діни ұстанымдар негізінде отбасымен және туған-туыстарымен қарым-қатынастары мүлде жойылады. Діни емес мемлекеттік, қоғамдық және әлеуметтік институттардың барлығына өшпенділігі мен жеккөруі артады. Зайырлы мемлекеттік құрылымды бұзуды, ал «бұзылған» қоғамды өзгертуді қалайды. Қылмыстық істі жүзеге асыруға бел буған ондай адам өзінің түсінігінше «кәпірлерді», олардың ұлттық ерекшеліктеріне қарамай, тонап, күшпен малын тартып алуға дейін барады. Соңына қарай, мұндай адамдар депрессиялық ахуалдың нәтижесінде, кейде жасаған қылмыстары үшін кесілген жазадан жалтару мақсатында өлімге де бас тігуі мүмкін.

Экстремистік ұйымдардың психологиясында өзі-өзін ақтау сезім басым болады. Сол себепті олар жасайтын барлық қылмыстық іс-әрекеттерге өзінің «әділетті сылтауын» табады. Оған осыған байланысты Ақтөбе, Тараз, Алматы, Атырауда болған оқыс оқиғалар мысал бола алады. Жекелеген топтар сырттан қаржы мен қару табу үшін «кәпір» деп танылған кәсіпкерлерге, дүкендерге, жанармай бекеттеріне, тіпті құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарулы шабуылдар жасалған. Қарақшылық әрекетке қол ұрған экстремистік топ жетекшілері қылмыстық жолмен тапқан ақшасын «ізгі мақсатты жүзеге асыру үшін қажет» деген желеумен ақтаған. Бұл – экстремистік ұйымдардың діни емес, дін атын жамылған саяси және қаржылық мүдделерді ғана көздейтін топтар екендігін айқындайды.

15. ДАИШ әрекетін «исламға жат» деп пәтуа берген мұсылман ғалымдары қандай дәлел-дәйектерге сүйенеді?

Өртүрлі мемлекеттен 126 ислам ғалымы ДАИШ террористік ұйымының көшбасшысы Әбу-Бәкір әл-Бағдадиге (Доктор Ибрахим Аууад әл-Бадри) хат жазды. Хаттың мазмұнында ислам үмбетінің келісімінсіз халифалық жариялауға рұқсат жоқ екендігі айтылған. Хатқа қол қойған ғалымдардың бірі йорданиялық Әли әл-Халаби бұл хаттың ДАИШ содырларының есіне ислам шарттарын салып, жасап жатқан қателіктерін көрсетіп, Алладан оларды тура жолға бастауын тілеу мақсатында жазылғанын айтты.

Сауд Арабия, Йордания, Палестина, Мысыр, Тунис, Судан, Йемен, Түркия, Англия, Франция, АҚШ, Швеция, Босния және Герцеговина, Италия, Белгия, Болгария, Аргентина, Канада, Үндістан, Қытай, Малайзия, Индонезия және Нигериядан 126 ислам ғалымының қолы қойылған хаттың мазмұнында:



«Ислам дінінде нақақтан нақақ, кінәсіз адамдарды, елшілер мен журналистерді өлтіруге, күпірлігін ашық жариялаған адамдарды кәпір санауға, христиандармен, жалпы кітап иелерімен жаман қарым-қатынас жасамауға, ғалымдар келісімімен жойылған құлдық мәселесін қайта еңгізуді, адамдарды мұсылман болуға міндеттеуге, әйелдер мен балалардың ақысына қол сұғуға, өлілердің мәйітіне зарар тигізуге, адамдарды қинап жәбір көрсетуге, жаман істерді Аллаға жаба салуға, Пайғамбарлар мен сахабалардың мазарларын қиратуға болмайтынын және исламда мұсылман үмбетінің келісімсіз халифалық жариялауға рұқсат жоқ!», – делінген.

Сондай-ақ ислам ғалымдары ДАИШ-тың әрекеттерін сынға ала отырып, олардың «усул әл-фиқһ» (Құран мен сүннеттен дәлел келтіру) мәселесінде қателескендіктерін айтып, келесідей Құран аяттарынан дәлелдер келтірді: «Сендер Кітаптың (Құран) кейбіріне (аятына) сеніп, кейбіріне қарсы келесіңдер ме?» (2:85), «Олар, (Кітап) сөздерін орнынан өзгертіп, оларға берілген үгітті ұмытты» (5:13), «Олар, Құранды бөлшектегендер (кейбір аятына сеніп, кейбіріне сенбегендер)» (15:91). Осы аяттар негізінде ислам ғалымдары ДАИШ содырларының көпшілік назарында өз қылмыстарын ақтап алу үшін Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің толық нұсқасының бір бөлігін үзінді етіп алып, дәлел ретінде келтіретінін әшкерледі.

Аталмыш хатта Нұғайм ибн Хаммадтың өзінің «Фитан» кітабындағы 4-ші ізгі халиф Әли ибн Әбу Талибтің сөздері келтіріледі. «Қара жалауларды көрген кездерінде жерге бұғып, аяқ-қолдарыңды қозғалтпаңдар. Кейіннен, әлсіз және мардымсыз бір қауым пайда болады. Олардың жүректері кесек темір тәріздес болады және олар өздеріне мемлекет құрады. Олар берген

сөздерінде тұрмай, келісім-шарттарын сақтамайтын болады. Олар ақиқатқа шақырады, алайда өздері ақиқат иелерінен болмайды. Олар бір-бірін ата-аналық лақап есімдермен (кунья) шақырып, бір-біріне қалалардың атауларын береді. Олардың шаштары әйелдердің шаштары секілді ұзын болады. Осылайша, олар бір-бірімен келіспеушілікке түскенге дейін жалғасады, сол кезде Алла ақиқатты қалағанына көрсетеді». Әли ибн Әбу Талиб халифтің бұл сөздерін 126 ислам ғалымдары ДАИШ-қа қатысты айтылған сөздер деп қабылдаған. Әрі қарай хатта осы ДАИШ пен Әли ибн Әбу Талибтің айтқан сөздерін теңестіріп салыстырады: «Әл Бухаридің ұстазы Нұғайм бин Хаммадтың «Фитан» кітабында, осыдан 1200 жыл бұрын келген Әли ибн Абу Талибтің бұл сөздері қазіргі «Ислам мемлекетіне» қатысы бар ма?» деген сұрақ мұсылман қоғамын мазалайды. Егер де бұл сөздерді талдайтын болсақ, мынанған көз жеткізуге болады:

1. «Қара жалауларды көрген кездерінде» – «ислам мемлекетінің» жалаулары шынымен де қара түсті.

2. «Жерге бұғындар» – яғни, ей мұсылмандар, орындарында қалыңдар! Оларға қосылмандар!

3. «Аяқ-қолдарыңды қозғалтпаңдар» – яғни оларға қаражаттай да, құрал-жабдықтермен де жәрдемдеспендер.

4. «Кейіннен әлсіз және мардымсыз қауым пайда болады» – яғни, бұл жердегі «әлсіз» және «мардымсыз» деген мағына – дінді түсіну, адамгершілік пен дінді пайдалану тұрғысында келеді.

5. «Олардың жүректері кесек темір тәріздес болады» – яғни олар аяусыз тұтқындарды өлтіріп, адамдарды қатыгездікпен қинайтын болады.

6. «Олар өздеріне мемлекет құрады» – соңғы бір ғасыр уақыт ішінде, қазіргі «Ирак және Левант ислам мемлекетінен» басқа ешкім «Ислам халифатын» құру туралы жариялаған емес.

7. «Олар берген сөздерінде тұрмай, келісім-шарттарын сақтамайтын болады», – «ислам мемлекеті» Шаэтат тайпасы оларға бойсұнғаннан кейін, олармен жасаған келісім-шарттарын бұзды. «Ислам мемлекеті» оларды жүздеп қырып салды. Сондай-ақ, олар тілшілер мен гуманитарлық жәрдем қызыметкерлерін де өлтірді.

8. «Олар ақиқатқа шақырады» – «Ислам мемлекеті» исламға шақырады.

9. «Алайда өздері ақиқат иелерінен болмайды» – Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын), хадисі бойынша, Ақиқат иелері мейірімді болады: «Кешіріңдер, сол кезде өздерің де кешірілесіндер».

10. «Олар бір-бірін ата-аналық лақап есімдермен (кунья) шақырады» – мысалы, Әбу Мутғана, Әбу Мухаммед, Әбу Мүслим деген сияқты т.б.

11. «Олардың есімдері қалалардың атауларынан болады» – мысалы: Әл-Багдади, Әл-Заркауи, әл-Туниси, т.б

12. «Олардың шаштары әйелдердің шаштары секілді, ұзын болады» – «ислам мемлекетінің» жауынгерлерінің көбінің шаштары, осы айтылғандай, ұзын.

13. «Олар бір-бірімен келіспеушілікке түскенге дейін» – «Ислам мемлекеті» мен, оның негізін қалаушы «Фронт әл-Нусра» (Сириядағы «Әл-

Каида» бөлімшесі), арасындағы болған келіспеушілік сияқты. Олардың бір жылға созылған қақтығыстары мыңдаған адамдар өліміне алып келді.

14. «Сол кезде Алла ақиқатты қалағанына көрсетеді» – яғни ислам ғалымдары оларды нақты және биязылы түрде жоққа шығарады, мәселен, ислам ғалымдарының ашық хаттары мен үндеулері арқылы.

Мұсылман ғалымдары жоғарыда келтірілген дәлел-дәйектерге сүйене отырып ДАИШ-тың әрекетін «исламға жат» деп пәтуа берген. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да ДАИШ содырларының іс-әрекеттеріне қатысты өз мәлімдемесін жасаған болатын. ҚМДБ Ирак пен Сирияда болып жатқан қарулы қақтығыстарға байланысты: «Соқыр сеніммен өзге елдің ішкі мәселесіне араласып, саяси соғыстарға қатысу – «ахли сүннет» ақидасына жат және ислам шарифатына қайшы. Негізінде, мұндай бас-көзсіз озбырлық іс-әрекеттер мәселені шешпейді. Керісінше, қиындатып, шиеленістіре түседі» деп, ДАИШ-ты қатаң сынға алды.

16. ДАИШ содырлары діни азшылықтар өкілдеріне, өз пікірімен келіспейтіндерге, қолдарына түскен әйелдер мен балаларға шектен тыс қатігездік көрсетеді, сонымен қатар адамдардың дүние-мүліктерін талан-таражға салуда. Бұл мұсылмандыққа жата ма?

ДАИШ «әл-Қайданың» құрамында 2004 жылы құрылған сәләфиттік «Таухид және Жиһад» ұйымының негізінде пайда болған террористік топ. Бұл содырлық топтың ислам дінімен арақатынасы сөз жүзінде ғана. Ал, іс-қимылдары түгел дерлік ислам қағидаттары мен құндылықтарына кереғар. Күні бүгінге дейін жиһад ұранымен жазықсыз Сирия мен Ирак халқына қысым көрсетуде. Мұсылманды - кәпір, қыз-келіншекті - олжа, балаларды - соғысқа сарбаз, дүние-мүлкін талан-тараж етіп, бейбіт елдің тағдырын талқан етті. Құранның Ниса сүресінің 93-аятында: *«Кім бір иманды адамды әдейілеп өлтірсе, оның жазасы жаһаннам болып, ол онда түпкілікті қалады. Әрі Алла оған ашуланып, оны лагнеттейді және ол үшін өте үлкен азап әзірлейді»* деген ескерту бар. Мұхаммед пайғамбар болса, қоштасу қажылығында: *«Ақиқатында сендердің қандарың, мал-мүліктерің бір-бірің үшін қастерлі, қол сұғуға болмайды. Мына, қажылық күніндей – қастерлі, қажылық айындай - қастерлі, Мекке қаласындай - қастерлі»* деп өсиет еткен. ДАИШ содырлары - қылмыскер, қандықол қарақшылар. Бұл топ үшін ешбір қастерлі, киелі құндылықтар жоқ. Ислам адам баласы тұрмақ, жануар екеш, жануардың өзін қорлауға тыйым салады. Ал, бұл топ баланы да, ананы да аяп жатқан жоқ.

Террористер осы әрекеттері арқылы Исламның келбетіне күйе жақты. Ислам тарихында ешқашан дәл қазіргі кездегідей дін атын жамылып мұндай әрекеттер жасалмаған. Бәлкім кейбір тұста Муаххидин, кейбір тұста Карматилер, ал бір кезеңдерде Батинилікке бой алдырған әлдекімдер мұндай зұлымдықтарға барған болар. Бірақ, олардың өзі өз-өзін жармаған, әйел, қарттар мен балаларды жаппай қырғынға ұшырататын әрекетке бармаған.

Ислам - бейбітшілік пен мейірімділік діні. Қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырған әлемдік дін. Исламда ізгілік жасауға, қамқорлыққа, мейірімділікке көп көңіл бөледі. Керісінше, зорлық-зомбылық, мұсылман бауырын кәпірлікпен айыптау, намаз оқымайтын ағайын-туыспен қатынас үзу, өмір сүріп жатқан мемлекеттің заңдарын мойындамау, өзімен пікірлес болмағаны үшін басқалармен қарым-қатынастан қашу, қоғам мүшелеріне құрметсіздікпен қарау, басқаларды бүлікке шақыру сияқты ұстанымдар ешуақытта болмаған. Террористік және лаңкестік әрекеттер ислам дініне мүлдем жат.

ДАИШ содырлары - зорлау, өлтіру, жаппай жазаға тартып дарға асу, ұрлау, мешіттер мен шіркеулерді қирату, әйелдерді жыныстық құлдыққа салу, балаларға зорлық-зомбылық көрсету және оларды ұрыс іс-қимылдарына тарту сынды қылмыстарды іске асыруда.

Өздерін «Ислам мемлекеті» деп жариялап, жер бетін қарумен жаулауды мақсат еткен ДАИШ-тіктерде шарифаттың қандай да бір элементі бар деп ойласақ, қателесеміз. Олардың алға қойған мақсаты - соғыс арқылы «Ислам

халифатын» орнату. Отандастарымыздың, азаматтарымыздың адасқандардың қатарына кіріп кетпеуі үшін республика аумағында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет. Жастарға дінін, ділін, отанын, дәстүрін құрметтейтіндей сезім, ақ пен қараны ажырата алатындай білім қажет.

Қорытындылай келе, шын мәнісінде қатігездік жасаған адамдарды мұсылман деп атауға болмайды. Яғни, террорист мұсылман бола алмайтынындай, шын мұсылман да террорист бола алмайды. Мұсылмандардың арасынан террорист шықса да, мұндай адам мұсылмандық қасиеттерінен жұрдай болған деген сөз. Мұндай адамды дұрыс мұсылманның қатарына қосуға келмейді. Тіпті соғыстың өзінде дініміз белгілеген арнайы қағидалар бар. Орынсыз қан төккен содырлардың әрекетін мұсылмандыққа жатқызуға болмайды. Бір жасақты аттандырып тұрып Мұхаммед пайғамбар әйелдерге, балаларға, ғибадатханаларды паналаған адамдарға соқтығуға тыйым салған. Сондықтан қазіргі уақытта діннің атынан жасалған бұл қылмыстарды Құран мен Сүннеттегі қағидалармен байланыстыруға болмайды. Басты міндет, дәстүрлі діни бағытты ұстанып, барша адамзатқа құрметпен қарай, сонымен қатар басқа көзқарас иелеріне түсіністікпен қарап, бір мәмілеге келу. Өзгелерге өз көзқарасыңды таңу - ислам дінінің негізіне қайшы іс. Қару-жарақпен, ашу-ызамен адамдарға бас салу, соғыс ашып немесе сауда орталығын басып алу, жазықсыз адамдарды тұтқынға алу адамгершілікке қайшы әрекет.

17. ДАИШ террористік ұйымы не себептен жас балаларды лаңкестік әрекеттерге пайдаланады?

Бүгінгі таңда әлемде орын алып жатқан әскери қақтығыстарда балалар және жасөспірімдер де жапа шегуде. Айталық ДАИШ террорлық ұйымы өз бақылауына алған аймақтарда балалар мен жасөспірімдерді өз әскери мақсаттарына қолдануда. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек 2015 жылы содырлар 1,8 мың сириялық балаларды қылмыстық әрекетке қатысуға үгіттеген. Сириядағы Адам құқығын бақылау кеңесі таратқан мәліметтерге карағанда олардың 350-і өлім құшқан.

Рухани және әлеуметтік-мәдени тұрғыда пісіп жетілмеген, өмірдің қиын сәттерінде моральдық дұрыс таңдау жасай алмайтын әлі буыны қатпаған балалар мен жасөспірімдер «халифатты» сылтау етіп зорлықшыл саяси билік құрғысы келген ДАИШ мақсаты үшін таптырмас құрал болып отыр.

Сирияда балаларды және жасөспірімдерді соғыс әрекеттеріне үйрету үшін арнайы лагерьлер құрылған. Оларды лаңкестікті жүзеге асыру үшін пайдаланады. Лагерьде балаларды арнайы әскери жаттығулардан өткізіп, жанкештілікке тәрбиелейді. Ескеретін бір жайт, ол жерде балалар мен жасөспірімдердің өмір сүру режиміне кәнігі содырлардан талап етілетін қатаң ережелер енгізілген. Оған дәлел болатын мынандай мысалдар бар: «Аллаһу Акбар!» деп айқайлаған алты жасар балалардың бейнежазбалары, «жас жиһадшының» қаруды шеберлікпен қолданғанын көрсететін видеожазбалар және «кәпірлерді» өлтіруге ант бергендері, адамның бастарымен футбол ойнағандары да бейнеленген кадрлер.

Айта кету керек, жасөспірімдердің көпшілігі Сирия және Ирактың жергілікті тұрғындары мен күрт-езидтердің тұтқынға түскен балаларынан құралады. Жасөспірім балалардың террористер қатарына қосылуының бірнеше жолдарын, ДАИШ-тегі «бала-сарбаз» мәселесін ортаға шығарған мамандар атап көрсетті.

1. ДАИШ-тің бақылау территориясына әр мемлекеттен келген ата-аналар балаларын соғыс алаңына әкеледі;
2. Жас «сарбаздар» жергілікті содырлардың балалары болып келеді;
3. Балалар үйі тәрбиеленушілері немесе қараусыз қалған балалар;
4. Тұтқындардан немесе ата-анасынан күшпен тартып алынған балалар (христиандар немесе езидтердің балалары).

Балалар ұрланғаннан соң олардың санасына әсер ету үшін идеологиялық және психологиялық жұмыстар жүргізіледі. Исламға еш сай келмейтін, мағынасы, ұстанымдары өзгертілген ислам діні жайлы ақпараттар беріледі.

Балаларды ДАИШ жетекшісінің бұйрықтарын қарсылық танытпай дереу орындауы үшін қатыгездікке мәжбүрлі түрде бойын үйретіп, қуыршақтарды қолданумен адамдардың басын алуға үйретеді.

ДАИШ мүшелері әлеуметтік желілерде өлі адамның басын ұстап тұрған және көшедегі мәйіттердің арасында ойнап жүрген балалардың суреттерін жариялайды. Яғни, бұл жас балалардың қатыгездігін көрсету арқылы қарапайым адамдардың ой-санасына әсер ететін құйтырқы ойынның бірі.

ДАИШ содырларының балалармен жұмыс жасағанда қатыгездік танытатыны БҰҰ-ның Сириядағы әскери қылмыстар жайлы есебінде расталды. Олар жасөспірімдерді «ДАИШ үшін қызмет етіп, ұзақ уақыт қолдау көрсететін, сенімді әрі адал болашақ содырлар» ретінде пайдаланады. Балалар жәбір көрсетуді өздерінің күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі ретінде санайтын болады.

Осындай дайындықтан өткен балалардың өздерінің «қанды жетекшілерінің» бұйрығымен жақындары мен кінәсіз адамдарды өлтіруге дайын нағыз қатыгез қылмыскерлерге айналатыны анық. Шектен шыққан жетекшілерінің қолында ауыр жарақат пен қорлыққа тап болып, қатаң діни ортада ақиқаттан қол үзіп тәрбиеленген жеткіншектер болашақта кез келген қоғамдағы тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Жоғарыда көрсетілген жолдармен ДАИШ террорлық ұйымы арнайы лагерьлерде қатыгез содырларды дайындап, «жалған халифатты» орнату үшін балалар мен жасөспірімдерді әскери мақсатта қолданады. Сонымен қатар осындай ортада өскен балаларды террорист-жанкешті ретінде пайдаланады. Өйткені балалардың санасы өзгенің ықпалына түсуге бейім келеді. Аталмыш жолдардан басқа, балаларды насихатшы ретінде қолданатыны жайлы мәлімет те бар. 2015 жылдың желтоқсан айында Тунистің құқық қорғау органдары мың шақты баланы террорлық ұйымға үгіттеген оқушыны тұтқындаған. Оқушы қыз насихатты телефон және әлеуметтік желілер арқылы жүргізген.

Бүгінде ДАИШ өзі жаулап алған жерлерінде ортағасырлық тәртіп орнататын, ауқымы кең ұлтаралық лаңкестер әскеріне айналды. Ұйымның негізгі мақсаты – Құран мен өзге де қасиетті кітаптардың бұрмаланып түсіндірілуі арқылы ұрлық, құлдық, адам өлтіру культін құру. Адамдардың өлімі «құрбандық» ретінде, бас кесуді – «жауды жеңу» ретінде («жау» дегендері – қарусыз тілші, ұйым идеологиясымен сәйкес келмеген имам, христиан немесе езид), балаларды өз мақсаттарында пайдалануды – халал етілген (рұқсат, заңды), тіпті әділдік ретінде көрсетіледі. Олардың ойларына, бастысы – шынайылықтан қаша отырып сылтаумен өз-өзін сендіру.

Балаларды өзінің пайдасына асыру мақсатында қолдану адамзаттың ең қатыгез және аяусыз қылмыстарының бірі болып табылады. Бүгінгі күні ДАИШ қатігездікті қолдайтын, біраз ұрпаққа дейін жалғасатын «халифаттың» жаңа жүйесін құруға барынша әрекет етуде. Өздерінің мақсаттарына жету үшін ДАИШ содырлары тіпті бүлдіршіндерді де қолдануға дайын екендіктерін көрсетіп отыр.

18. ДАИШ террористік ұйымының жазықсыз адамдарды және тіпті өз қатарларындағы жақтастарын жаппай және жария сипатта өлтірудегі мақсаты неде?

ДАИШ - әр елден ондаған мың өкілдерден тұратын, діни-экстремистік бірлестікке айналған, өзін «Ислам мемлекеті» етіп жариялаған террористік ұйым екені әмбеге аян. ДАИШ жер бетінде Ислам халифатын орнатамыз деген ұранмен бірқатар мемлекеттерден жиналған заңсыз қарулы топтар арқылы Ирак және Шам елдерінде діни алауыздық тудыруда. Исламдағы «жиһад» сөзін пайдаланып, адамдарды мұсылман елдері арасында болып жатқан қақтығысқа қатысуға шақырады. Содырлардың ғаламтор бетінде дүние жүзінің мұсылмандарын жиһадқа шақыратын аудио және бейнематериалдары күн санап артып отыр. ДАИШ содырларының ғаламтордағы бейнероликтеріне қарайтын болсақ, онда олардың қатыгездігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мұнда мұсылман немесе басқа деп айырмастан жазықсыз жандар аяусыз атылып, асылып, бастары кесіліп жатады. Исламда адам өмірі, оның құқығы қасиетті. Адамды өлтіру Алла тағалаға серік қосу секілді - үлкен күнә. Мұхаммед пайғамбар: «Ең үлкен күнәлар: Аллаға серік қосу, адам өлтіру, ата-ананы ренжіту және жалған куәлік беру» деген.

Бұл террористік топ өз қылмысын, зорлық-зомбылығын ақтау үшін дін атын жамылуда. Тіпті, «Бұл - діннің әмірі, дініміз осылай бұйыруда» деп жатыр. ДАИШ содырларының әрекеттері ақиқат діні - исламды теріс жағынан көрсетуде. Қарулы әскерді де, қарусыз бейбіт адамды да ажыратпай жаппай қыруда. Мұндай топтың Аллаға және Елшісіне қарсы шыққандығы Құран Кәрімде: «... Ал кім Аллаға және Елшісіне бойұсынбаса, онда анық адасуға түседі» деп айқын айтылған. Ең қорқыныштысы, олар мұсылмандарды өлтіру, азаптау, өртеумен Алланың әмірін орындағандай көңілде. Хадисте: «Кімде-кім мұсылманды өлтіріп, оған қуанатын болса, Алла тағала оның ешбір амалын қабыл етпейді» деп ескерткен. Бұл топқа қатысы бар адам құрдымға кетеді. Оның өлімі шейіттік емес, надақты өлімге телінеді. Әбу Һурайра (р.а.): «Кімде-кім соқыр тудың астында жалған ұранға шақырып, сол ұранды қолдап өлсе, оның өлімі надандық өлім» деген риуаят жеткізген. Міне, ДАИШ-тың жиһады осы. Діни тұрғыдан мақсаты – белгісіз, мұраты - бұлыңғыр.

ДАИШ террористік ұйымының ұстанымында ислам шарифатына теріс «тағут» және «тәкфир» түсініктері бар. Олардың пайымдауынша, «тәкпір» деп үлкен күнә жасаған адамды айтамыз.

Ислам шарифатын басшылыққа алмаған кез келген саяси жүйеге «кәпір» үкімін тағады. Яғни, мемлекеттік конституциялық құрылысы Құран мен сүннеттен тұрмаған әрбір жоғары саяси институт «кәпір» болып табылады. Сондай-ақ, ДАИШ-тың бұл пікірін құптамаған өзге мұсылмандар да «кәпір» саналады. Бұл - асыра сілтеп, шектен шыққандық. ДАИШ террористерінің түсінігінше, бұл ұйымға кірмеген және олардың шейхтарына мойынсұнбаған әрбір мұсылман «тағут» саналады. Ал, ДАИШ-қа мүше болып, кейін олардан

шыққан адам «муртад» (дінін тәрк етуші) болып есептеліп, өз пәтуаларында мұндай қадамға барған адамды өлтіруге рұқсат береді.

«Тағут» туралы түсінік уахабилік-сәләфиттік ілімнің теориясын жазған Мұхаммед ибн Абдул Уаххабтың «Үш негіз» атты еңбегінде кездеседі. Мұхаммед ибн Абдул Уаххаб өзінің бұл пікіріне Ибн Таймия және Ибн әл-Қайимның шетін көзқарастарын арқау еткен. Ол «тағуттың» бірнеше санаттарын келтіре отырып, оның ішіне зайырлы жүйені де жатқызады. Яғни, Мұхаммед ибн Абдул Уаххабтың «Үш негізі» бойынша Алланың заңымен құрылмаған әрбір саяси жүйе және оның қызметкерлері «тағут» саналады. Олар: «тағут» адамдардың қаны мен мал-мүлкі адал деген үкім шығарған. Осыған байланысты ДАИШ содырлары өздеріне қосылмаған немесе өздерін құптамаған мұсылмандардың бәрін өлтіруді күнә деп есептемейді.

ДАИШ содырларының тарапынан адамға жасаған айуандық әрекеттерін көрген кейбір ислам ғалымдары оларды Мұхаммед пайғамбардың айтып кеткен адасушы хауариждер тобына да жатқызады. Өйткені, олардың киім киістері, адамдардан ерекшелінуі, адамды қойша бауыздаулары, нақты дәлелдерді керек етпестен күмәнға сүйеніп адамның тағдырын шешу, олардағы қатыгездік сияқты т.б. сипаттары пайғамбардың хауариждер туралы айтқан сипаттарымен сәйкес. Сондай-ақ, араларында танымал, мұсылман әлемі мойындаған немесе есімі белгілі пәтуә беріп отырған ғалымдары да жоқ... Ал енді хауариж дегеніміз кімдер? «Хауаридж» араб сөзі - қарсы шығу, бөлініп шығу сияқты мағыналарды қамтиды. Мемлекетте бүлік шығарған саяси-діни топ. Олар мұсылман мемлекетінің үшінші халифасы Осман ибн Аффанды сарайында Құран оқып отырған жерінен өлтірген. Кейін олар төртінші халифа, пайғамбардың күйеу баласы Әли ибн Әбу Талибті де өлтіреді. Пайғамбар харижиттер турасында: «Олар - жаратылыстың ең жаманы» деп айтқан (Мұслимнің риуаяты).

ДАИШ содырлары бір уақытта бірнеше адамдарды қырып тастайды, мұны бейнеролик ретінде интернетке де салады. Террористік әрекетіне қарсы қимылға көшкен азаматтарды содырлар қойша бауыздап өлтіреді, дарға асады немесе атып тастайды. Мұндай тактиканы содырлар «бізге қарсы келгеннің бәрі осылай болады» деп көрсетіп, интернет-роликтерді үгіт-насихат құралы ретінде пайдаланып әлемнің үрейін алатын іс-амалдар жасауда.

Қорытындылайтын болсақ, бұл террористік топтың жазықсыз адамдарды және тіпті өз қатарларындағыларды жаппай және жария сипатта өлтірудегі көздеген бірінші мақсаты - жаппай үрей туғызу, зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсету, хаос тудыру болса, екіншісі - осы видеолар арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі радикалдарды өз қатарына тарту.

19. ДАИШ адамдарды «мұсылмандар» мен «кәпірлер» деп бөліп, өздерін қоғамнан оқшаулап жатады. Ислам діні адамдарды дініне қарап алалауға жол бере ме?

Қазіргі кезде радикалды ағымдар тарапынан ислам дінінің үкімдерін, ұстанымдарын дұрыс түсінбеу, яғни діни білімнің өте төмендігі салдарынан қоғамның тұтастығы мен халықтың ауызбірлігіне кері әсерін тигізіп отырған мәселелер орын алуда. Солардың бірі □ мұсылман қауымын өз ішінде «мұсылман» және «кәпір» деп бөлу әрекеті.

Қазақ тілінде қолданылып жүрген «кәпір» сөзі араб тілінен енген. Діндегі мағынасы бойынша иман негіздерін, яғни Алла тағаланың бар екенін, Оның періштелерін, түсірген кітаптарын, жіберген пайғамбарларын, жазған тағдырын терістеген, ақырет күнінің болатынына сенбеген кісіні «кәпір» дейді. Сондай-ақ ислам дініндегі парыз амалдарды да терістеген адам діннен шыққан, яғни күпірлікке түскен болып есептеледі. Ислам шарифаты бекіткен амалдарды мойындап, оларды жалқаулық себебінен орындамаған мұсылман баласы діннен шықпайды, дегенмен күнәһар мұсылман саналады.

Шетін көзқарасты ұстанушы адамдар тобының мұсылмандар қауымын «мұсылман» және «кәпір» деп бөлуінің себептеріне «бұрыс» діни көзқарастар мен ұстанымдардан бастап, сыртқы келбет, яғни атрибутикалық формалар да жатады. Мысалы:

1. Салафилік сенім ақидасын қолдамаған (Алла тағаланың сипатына қатысты), яғни Матуриди және Ашғари ақидасын ұстанатын мұсылмандар «кәпір» болып есептеледі.

2. Мұсылман адамның намаз оқымауы.

Ханафи мазхабы бойынша иман келтірген адам өз жалқаулығы себебінен намазды орындамаса, ол күпір келтірген болып саналмайды, дегенмен күнәһар болып саналады. Себебі, ол іс-әрекет істемесе де, жүрегімен Аллаға иман келтіріп тұр. Бұл жерде іс-әрекет (амал) пен Аллаға жүрекпен сенудің (иман) байланысы жайында мәселе бар.

Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша иман тілмен айтып, жүрекпен бекітуден тұрады. Бұл туралы «Әл-Фикһул-акбарда» және басқа да еңбектерде нақты айтылған. («Фикһул-акбар», Хайдарабад, 10-б.). Яғни, адам «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» – деп тілмен айтып, жүрекпен бекітіп, ислам шарттарына иман келтіргеннен кейін мұсылман болып есептеледі. Содан кейін барып оның іс-әрекетіне қарап залым-күнәһар, тақуа сынды дәрежелерге бөлінеді. Ал намаз оқымаған адамды «кәпір» деп санау □ амалды (ғибадатты орындау) иманнан деп санаудан, яғни, «иман мен амал бір» деп есептеуден туған түсінік. Бұл Қазақстан мұсылмандары үшін дәстүрлі болып табылатын ханафи мазхабы ұстанымдарына сәйкес келмейді. Мұндай ұстанымды әдетте дәстүрлі емес ислам ағымы болып табылатын салафилер насихаттайды.

3. Мұсылман адамның қабірді зиярат етіп, дүниеден өткен адамдарға арнап Құран бағыштауы мен қабір басына белгітас қоюы діни радикалды көзқарастағылар үшін жүрекпен жасалған «күпірлік» болып табылады.

Қайтыс болған адамдарға арнап Құран бағыштау – барлық мұсылман әлемінде кең таралған. Ол өлі адамдарды еске алу үшін ғибраты мол нәрсе. Пайғамбар: «Құран Кәрім оқылғанда және Алла Құран оқығанға да, оны тыңдағанға да, сауап жазады. Сондықтан, егер оқушылар мәйітке Құран бағыштаса, Алла оқушыларға берген сауабын кемітпестен мәйітке де сауап жазады» және «Ясин сүресін оқу мәйіттің азабын жеңілдетеді» (Имам Ахмад Муснади), - деген. Сондықтан Құран бағыштауды Алланың сөзінің сақталуы және ислам дінінің жандануының бір жолы деп қарау керек.

Қабірге ескерткіш қою мәселесіне келсек, Мұхаммед пайғамбардың өзі Усман Ибн Мазун қайтыс болғанда оның қабірінің үстіне белгі тас әкеліп қойған екен. Себебін сұрағандарға: «Осы жерден өткенімізде тасты көріп, Усманды еске алып, дұға қылып тұрамын», - деген. Демек, ислам дінінде қабір басына белгітас қою шарифатқа жат емес.

4. Зайырлылық қағидатына негізделген мемлекетте өмір сүруі және сол мемлекеттің басшысына бағыну мәселесі.

Діни радикалды ағым мүшелері Мухаммад ибн Абдулуаһаб ат-Тамамидің «Үш негіз», «Төрт қағида», «Күмәннан тазару», «Таухид кітабы» және Шейх Хафиз Ахмад әл-Хакәмидің «Ислам ақидасы бойынша 200 сұрақ» атты кітаптарды оқиды. Сондай-ақ, олардың арасында ал-Албани, ибн Бааз, шейх Усаймин, шейх Фаузан және т.б. шетін көзқарасты ұстанған авторлардың еңбектері үлкен сұранысқа ие.

Аталмыш еңбектер зайырлылық қағидатына негізделген мемлекетті басқару формасына қарсы шығып, сол елді басқарып отырған басшы (Президент) мен оған бағынған мұсылман қауымын «кәпір» деп айыптайды.

5. Мұсылманның шарифатына қайшы келмейтін кейбір ата-баба салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршіліктегі әдет-ғұрыптары мен мәдениетін ұстану мәселесі де шетін көзқарастағылар үшін назардан тыс қалмады.

Мысалы, келіннің үлкендерге иіліп сәлем салуы, «көз тимесін» деп маңдайға қара күйе жағып қою, «түкірту», «дем салдырумен» қатар, дәстүрлі музыкалық аспаптарда ойнау белгілі бір адамдар тобы үшін «харам» болып есептеледі.

Сонымен қатар сақал қою, балақ қысқарту, әйел адамдырдың қара түсті киімдерді киіп, күнделікті қолданыстағы сөз айналымындарына «ахи», «ухти», «джазака Аллаһума хайран», «джахил», «мушрик», «мунафиқ», «бидғат», «харам», «Ағузубиллаһ», «Әстағфируллаһ» деген сынды араб тілі сөздерін енгізу әрекеттері діни радикалды топ мүшелеріне тән. Ішкі жан дүниенің мазмұнынан бұрын, сыртқы формаға көп мән береді.

Жалпы бір сөзбен айтқанда олар ұстанатын шетін көзқарасқа негізделген идеологияны қолдамаған мұсылмандардың барлығы «кәпір» болып саналады.

Мұхаммед пайғамбар: «Кімде-кім бауырына: «Ей, кәпір!» десе, егер ол адам шынымен кәпір болмаса, онда айтқан адамның өзі кәпір болады», - деп қатаң ескерткен. Біреуді кәпір деп жариялау үшін Алланы жоққа шығару, басқа құдайларды мойындау, Пайғамбар мен Құранды жоққа шығару немесе тіл тигізу сияқты үлкен күнәлар жасаған жағдайлар секілді анағұрлым

дәйекті дәлелдер қажет. Сондай-ақ, «тәкфір» жариялау тәртібі бірқатар шарттарды орындауды қажет етеді және бұл исламдық құқық саласындағы атақты ғұламалардың құзыретіндегі іс. Тиісті білімі және өмірлік тәжірибесі жоқ кез келген адам мұндай маңызды шешім қабылдай алмайды.

Сонымен қатар Әбу Ханифаның «әл-Алим уәл-мутааллим» атты кітабында: «Иман амалдан бөлек болғандықтан артып-кемімейді» делінген. Күнә істеу иман келтірген адамды иманнан ажыратпайды. Өйткені, Құранда зина жасап, кісі өлтіргенді «күнәһар» дегенмен «имансыз» деуге болмайтыны, бір түйір жақсылық жасаушыға да сауабы берілетіндігі білдірілген. Хазіреті Әли де өзіне қарсы соғысқан шамдықтардың мүмін екендігін айтқан. Егер күнә жасау адамды діннен шығаратын болса, ширктен кейінгі күнәнің ең үлкені – кісі өлтірушіні Хазіреті Әли кәпір деп атаған болар еді. Бұл сахабалардың да осы мәселеге кең пайымды көзқарас ұстанғанын әйгілейді (Әбулхайр, «Ақидатул-Ислам уәл-имам әл-Матуриди», 190-б.). Олай болса, күнәһар адам да мүмін ретінде қабылдануы тиіс, ал күнәсіне ақыретте жауап беру мәселесі – Алла Тағаланың еркіндегі іс. Қаласа, жазалайды, қаласа, кешіреді (Әбу Ханифа, «әл-Алим уәл-мутааллим», 18-б. Матуриди, «Китабут-таухид», 615-616-б.).

Жалпы, ислам дінінде ақида және құлшылық мәселелерінде әртүрлі күнәлар үшін мұсылман адамды «кәпір» деп айыптау, әулие-әнбияларды құрметтеуде шектен шығу және діни ұстанымдарда жеңіл емес, керісінше ауыртпашышылық жолдарды қарастыру – шектен шығушылық болып табылады.

ҚМДБ-ның Шариғат және Пәтуа бөлімі 2013 жылдың қараша айында мұсылмандарды «кәпір» деп айыптайтын тәкфіршілер ағымына қатысты: «Тәкфір – дінге енген жаңалық. Әлдекімдердің «пайғамбардың сүннетіне ерудеміз», «таза ислам» немесе «таза таухид» деп жүрген жалған ұстанымының шектен шыққан қателігі» деген мазмұнда пәтуа жарияланды.

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2014 жылдың 18 тамызындағы шешіміне сәйкес «Ат-такфир уаль-хиджра» ұйымы діни экстремизм мен терроризмді насихаттаушы ұйым деп танылып, Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етуіне тыйым салынды.

20. Көпшіліктің арасына барып өзін-өзі жарып жіберіп, жазықсыз адамдардың өліміне себеп болған ДАИШ жанкештілері жұмаққа бара ма?

Әлем жаңалықтарына назар аударсақ өзін-өзі жарып жіберу оқиғалары халықтың көңіліне үрей ұялатып, ел тыныштығына нұқсан келтіруде. Жарылысты діни ұйым мүшелері ұйымдастырды деген хабарды естіген қалың халық, тіпті, кез келген дін өкіліне, намаз оқыған мұсылманға секеммен қарайтын жағдайға жетті. «Шаһид» болуды мақсат етіп лаңкестік әрекетке барып жатқан «ДАИШ» жанкештілерінің бұл істері, исламмен байланысы жоқ екендігін бір ауыздан кесіп айтуға болады.

Ислам – құқықтық әрі сенімдік жүйелері толыққанды қалыптасқан дін. Ол адамның жеке және қоғамдық өмірін реттей отырып, мұсылманның ой-пікірі мен сөздеріне, іс-әрекеттері мен тұрмыс-тіршілігіне, діни сенімі мен адамгершілік қасиеттеріне тұтастай ықпал жасайды. Сондықтан діндегі кез-келген қағидаттар мен түсініктер, концепциялар тұтастай ислам шеңберінде жан-жақты талқыланып қарастырылмайынша қолданысқа енгізілмейді. Бұл орайда исламдағы «жанпидалық» немесе «жан қию» (истиһад, шаһид болу) концепциясы исламның моральдік және шарифи қағидаттарына негізделмей тұрып, ешқандай ұғымды білдірмейді.

Дін жолында құрбан болу, яғни жанқиярлық қасиетті соғыс – «әскери жиһад» концепциясының аясында ғана өзіне тән мағынаға ие болуы мүмкін. Ал араб тіліндегі «жуһд» түбірінен шығып, «белгілі бір мақсатқа жету үшін күш-жігерін салу, күресу» деген мағынаны білдіретін «жиһад» ұғымы соғыс жағдайында – ақиқат үшін күресу, хақ дінге шақыру (яғни Алла дінін қорғау) немесе ислам дінінің туын жоғары көтеру және дінді, жанды, отанды, мал-мүлікті т.б. қорғау үшін малымен, жанымен күресу деген түсініктерді береді. Аталмыш ұғымдардың барлығы исламдағы «жақсылыққа үндеп, жамандықтан тыю» ұғымымен біте қайнасып жатыр.

Исламда жанды пидә ету шарифаттың белгілі бір бөлімінің ішінде талқыланумен ғана шектелмейді. «Ислам» атауының өзі бейбітшілік, ынтымақ, Жаратушыға бойсұну деген мағыналарды береді. Сондықтан, дін жолында өзін пидә ету концепциясын аңғару тек қана исламды толығымен дұрыс түсіну арқылы жүзеге асады.

Шаһид дегеніміз – нәпсісінен ар-иманын жоғары қойып, дін жолында жан алысып, жан берісіп күресіп, азап шегіп, құрбан болған адам. Ақиқат жолында қан төккен шаһидтердің қиямет-қайым күні барлық күнәлары кешіріліп, жаны жәннаттан жай табады деген деректер исламның түп-негіздерінде (Құран мен Сүннет) бар. Ислам дінін қабылдағанына мың жылдан астам уақыт болған қазақ халқының да арғы-бергі тарихында жауларға қарсы қасиетті күрес (ғазуат) жасап, шейіт болған қаншама ата-бабаларымыз өмірден өткен. Әйтсе де, ғұламалардың берген пәтуасына қарағанда, соғыс майданында ерлікпен қаза тапқан мұсылмандар ғана емес, бейбіт күнде ұдайы Жаратушыны еске алып, қалтқысыз құлшылық жасап,

жан азығын садақтық сорабынан алған жандар да шаһид болудың сауабын ала алады.

Ал бүгінгі жалған діни ұйымдардың атынан өзін-өзі өлтіру — шаһидтік емес, керісінше ауыр күнә – қылмыс. Өйткені, біздің мемлекеттік құрылысымызға қарсы болып, «жиһад» деп өзін-өзі жарып жіберіп жатқан жанкештілер шаһид сауабына ие бола алмайды. Себебі, біздің қоғам «дарус-сулх», яғни діни бірлестіктердің ұстанымы мемлекет мүддесіне қайшы келмесе, конституциялық заңдары оның қызмет етуіне шектеу қоймайтын мемлекет болып табылады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке әрі адамның физикасы мен психологиясына кері әсер етпесе, діни рәсімдердің де орындалуына рұқсат етіледі. Ал дін негіздері бойынша жиһад – «дарул-харб», яғни хақ дінді қабылдамаған немесе исламның қанат жаюына қарсы тұрған саяси күштерге қарсы бағытталады. Сондықтан, Қазақстан қоғамы жиһад жасайтын аумақ саналмайды.

Сонымен бірге, дін бойынша, өзін-өзі жарып жіберу «интиһар» деп аталады. Яғни, өз-өзіне қол салу мен шаһид болудың бір-біріне еш қатысы жоқ. Керісінше, бір-біріне мүлде кереғар ұғымдар. Дін негіздері бойынша өз-өзіне қол салу ауыр күнәлардың санатына жатады. Жаратушы Құран-Кәрімде: «Бір-біріңді өлтірмеңдер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді. Ал кім осы айтылғанды дұшпандық, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз» (Ниса, 30) деп бұйырады. Ал Мұхаммед пайғамбар: «Мүмінді лағынеттеу оны өлтіргенмен тең, кім мүмінге кәпірсің деп жала жапса, оның өлтірушісі сияқты болады. Және кім өз нәпсісін (өзін) бір нәрсемен өлтірсе, сол себепті Алла оны қиямет күні азаптайды» (Бухари мен Муслим риуаяты), – деп, өз-өзіне қол салудың қате екенін қатаң ескертеді.

Жаратушы себепсізден-себепсіз өз-өзіміздің жанымызды қию былай тұрсын, бізге он екі мүшеміз бен ағзамызды ақыретте қайта сұрау үшін аманатқа берген. Олай болса, «аманатқа қиянат жасаудың ауыр күнә» (хадис) екенін ескерсек, «шаһид белбеуін» тағып, өзін-өзі жарып жіберу – орны толмас зор қателік.

Шаһид болудың басты шарттарының бірі қасиетті күресте жан тәсілім ету болғанымен, әр дәуірдің өзінің алғышарттары бар. Мысалы, Аббасилер кезеңінде мемлекет білім мен ғылымды дамытуға басымдық берді. Мәселен, халиф Нарун ар-Рашид аудармашыларға ғылыми әдебиеттерді араб тіліне қанша көлемде аударылуына қарай, сонша көлемде оларға алтын беріп отырды. Мемлекеттің диван (үкімет) жұмысына да әскери адамдарға қарағанда ғылым адамдарын көбірек тартты. Аббаси билеушілерінің бұл реформасы Мұхаммед пайғамбардың: «Шейіт қанының тамшысынан ғалымның қаламындағы сиясының тамшысы әлдеқайда артық» деген хадисімен қабысатын еді.

Діни себептен болсын, азаматтық ұстанымынан болсын, өзін-өзі жарып жатқан азаматтарға тосқауыл қою, оларды мұндай әрекетке не себепті барғанын зерттеп, оқыс оқиғаның алдын-алу қазір бүкіл қоғамның алдында тұрған үлкен міндет.

«Ислам» – араб тіліндегі «салам», «тыныштық», «бейбітшілік» деген мағыналарды береді. Ислам – бейбітшілік діні. Сол себепті, дүние жүзінде, сондай-ақ, біздің елімізде де ішінара ұшырасып жатқан аса келеңсіз қайғылы жайттардың исламмен еш байланысы жоқ.

ШҚО Дін істері басқармасының
Дін мәселелерін зерттеу орталығының тапсырысымен
«Колмакова И.С.» ЖК баспасында шығарылды
Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі 19.
74-12-45, 70-42-67.
Сенім телефоны: 70-56-56
Көлемі: А5; Таралымы: 250 дана
11.05.2016 ж. баспаға берілді.